



Азаматтық авиация кәсіпорындарында лак-бояу материалдарымен жұмыс істеген кезде еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитарияны қамтамасыз ету жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 15 қарашадағы N 220 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 23 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3218. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 442 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010.09.30 № 442 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Еңбектің қауіпсіздігі мен оны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1182 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу мен бекіту ережесіне және Мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтерді әзірлеу мен бекіту ережесіне сәйкес, сондай-ақ азаматтық авиация кәсіпорындарында лак-бояу материалдарымен жұмыс істеген кезде еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитарияны қамтамасыз ету мақсатында, БҰЙЫРАМЫН: Қараныз K070000251, K 0 9 0 0 0 0 1 9 3 , P 0 7 0 0 0 0 7 2 1

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық авиация кәсіпорындарында лак-бояу материалдарымен жұмыс істеген кезде еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитарияны қамтамасыз ету жөніндегі ереже бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасары Б.М.Наурызәлиевке жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

" К е л і с і л г е н "

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау Вице - Министрі

16 қараша 2004 ж.

" К е л і с і л г е н "

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау
комитетінің төрағасы

11 қараша 2004 ж.

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрлігінің Азаматтық
авиация комитеті төрағасының
2004 жылғы 15 қарашадағы
N 220 бұйрығымен бекітілген

Азаматтық авиация ұйымдарында лак-бояу материалдарымен жұмыс істеген кезде еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғауды және өндірістік санитарияны қамтамасыз ету жөніндегі ЕРЕЖЕ

Азаматтық авиация ұйымдарында лак-бояу материалдарымен жұмыс істеген кезде еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитарияны қамтамасыз ету жөніндегі осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) лактар мен бояулар, лак-бояу материалдары мен жабындыларды жағу кезінде, сондай-ақ кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде, құрылыс-монтаж басқармаларында, пайдалануға беру, жөндеу ұйымдарында және азаматтық авиация ұйымдарында (бұдан әрі - АА ұйымдары) олардың меншік нысанына және ведомстволық тиесілілігіне қарамастан, лак-бояу материалдары мен жабындыларды қолдануға, әзірлеуге, тасымалдауға және сақтауға байланысты жұмыстарды жүзеге асырған кезде еңбекті қорғауды, қауіпсіздігін және өндірістік санитарияны қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптарды анықтайды және қауіпсіздікті, денсаулықты сақтау мен еңбек процесінде жұмыс істеушілердің жұмыс қабілетін қамтамасыз етуге бағытталған.

1-тарау. Еңбек қауіпсіздігінің жалпы талаптары

1. Азаматтық авиацияда (бұдан әрі - АА) қолданылатын лак-бояу материалдары (бұдан әрі - ЛБМ):
1) негізгі:

бітеме-тегістегіш, тығындар, лактар, эмалдар, бояулар (осы Ережеге 1-қосымша);

2) көмекші:

еріткіштер, сұйылтқыштар, қатайтқыштар, жеделдеткіштер, баяулатқыштар, пластификаторлар, пигменттер, толтырғыштар (осы Ережеге 2-қосымша).

2. Барлық ЛБМ екі белгі бойынша сыныпталады: химиялық құрам (қабыршық түзуші түр) және басымдықты мақсаты бойынша.

АА ұйымдарында пайдаланылатын ЛБМ-ның мақсаты мен сыныбы осы Ережеге 3-қосымшада келтірілген.

3. Осы Ереже техникалық процестерді әзірлеу, мынадай жұмыстарды ұйымдастыру және орындау кезінде міндетті болып табылады:

1) ұшақтар мен тік ұшақтарды (бұдан әрі - әуе кемесі) жөндеу және техникалық қызмет көрсету кезінде лак-бояу жабындыларын (ЛБЖ) қалпына келтіру;

2) алмалы-салмалы борт жабдығын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кезінде ЛБЖ қалпына келтіру;

3) автомашиналарға, арнаулы көліктерге, жердегі тетіктер мен көмекші құралдарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кезінде ЛБЖ қалпына келтіру;

4) өндірістік, әкімшілік, қоғамдық және тұрғын үй-жайларды, ғимараттар мен құрылыстарды салу және жөндеу кезінде үстіңгі бетін (ішкі және сыртқы) сырлау;

5) тасымалдау және сақтау;

6) ЛБМ құйылған ыдыстарды, өндірістік жабдықты, құралдар мен мүкәммалды жуу және тазалау.

4. Сырлау жұмыстарының барлық түрлерін ұйымдастыру мен орындау технологиясы АА ұйымдарының қызметкерлері үшін өндірістік процестің барлық кезеңдерінде қауіпсіз болуға тиіс, олар:

1) ЛБМ жұмыс құрамдарын дайындау (әзірлеу);

2) сырлау үшін үстіңгі бетті дайындау;

3) сырланған үстіңгі бетке ЛБМ жағу;

4) сырланған үстіңгі бетті кептіру (жабындыларды, бұйымдарды және басқа);

5) сырланған үстіңгі бетті өңдеу (қырнау, жылтырату және т.б.) болып табылады.

5. Өндірістік процестің барлық кезеңдерінде сырлау жұмыстарына жүргізу бойынша жарылыстар мен өрт шығатын жағдайды болдырмаудың мынадай

шаралары, сондай-ақ қызметкерлерді қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың ықпалынан қорғау жөнінде іс-шаралар көзделуге тиіс:

- 1) жарылғыш-өрт қауіпті ЛБМ-ны жарылыстан және өрт қауіпсізге а й ы р б а с т а у ;
- 2) үй-жайлар мен ашық алаңдарда дәнекерлеу және басқа отпен орындалатын жұмыстарды жүргізу тәртібін айқындау;
- 3) ЛБМ-ны сақтау тәртібін айқындау;
- 4) зияндылығы барынша аз ЛБМ-ны қолдану (улылығы барынша аз);
- 5) барынша прогрессивті технологияны қолдану (өндірістік процестерді автоматтандыру, еңбекті көп қажетсінетін жұмыстарды механикаландыру, дистанциялық басқару, процестерді автоматты бақылау);
- 6) жарылыстан және өртқауіпсіздікті және еңбектің оңтайлы санитариялық-гигиеналық жағдайын қамтамасыз ететін сырлау әдістерін п а й д а л а н у ;
- 7) жұмыс орындарын ұжымдық қорғау құралдарымен жарактандыру;
- 8) жұмыс істейтіндерді орындалатын жұмысқа сәйкес келетін осы заманғы жеке сақтандырғыш құралдарымен қамтамасыз ету.

6. Сырлау жұмыстарын ұйымдастыру және ЛБМ-мен технологиялық жұмыс процестерін әзірлеу кезінде жұмыс істеушілерге мынадай зиянды және қауіпті факторлардың мүмкін болатын әсерін ескерген жөн:

- 1) ЛБМ құрамына кіретін зиянды заттардың жұмыс аймағының ауасында жоғары болуы: ЛБМ-ны әзірлеген, сырлаған және кептірген кезде; сырланған үстіңгі бетті ажарлау және жылтырату; ЛБМ-ны тасымалдау және сақтау кезінде;
- 2) жұмыс аймағының ауасында сырлау үшін үстіңгі бетті дайындау және сырланған үстіңгі беттерді ажарлау (жылтырату) кезінде;
- 3) сырлауға, кептіруге және сырланған үстіңгі бетті өңдеуге дайындау кезінде электр және пневмоқұралдардан, жабдықтардан және желдеткіштерден шығатын ш у д ы ң ж о ғ а р ы д е ң г е й і ;
- 4) ауаның, жуу еріткіштерінің, ЛБМ жұмыс еріткіштерінің және үстіңгі бетті сырлауға, бояуға және ЛБЖ кептіруге дайындау кезінде жабдықтың үстіңгі бетінің ж о ғ а р ы т е м п е р а т у р а с ы ;
- 5) сырланған үстіңгі беттерге және жұмыс орындарына жеткілікті жарық б е р і л м е у і ;
- 6) үстіңгі бетті сырлауға және қол электр және пневмоқұралды пайдалана отырып өңдеуге дайындау кезінде локалды тербелістің жоғары деңгейі;
- 7) ЛБЖ-ны электрстатикалық әдістермен бүрку және сырланған үстіңгі беттерді өңдеу кезінде электрстатикалық өріс кернеуінің жоғары деңгейі;
- 8) ЛБЖ кептірген кезде оптикалық диапозонының ультракызыл, ультракүлгін

және басқа сәуле шығарғыш түрлерінің жоғары деңгейі;
9) сырлау және кептіру үшін ЛБЖ дайындау және сырлау үшін пневмоқұралдар мен компрессор жабдығын пайдалану кезінде ауаның жоғары қысымы;

10) үстіңгі бетті сырлау кезінде ЛБМ-ның жоғарғы қысыммен ағуы;
11) электр жабдығының және электрқұралының ток өткізетін қорғалмаған сымдары мен кабельдері;

12) әуе кемелерінің жоғарыда орналасқан бөлшектерін, үй-жайлар мен құрылыстардың шатырлары мен сыртқы үстіңгі беттерін сырлау және сырлауға дайындау кезінде биікте жұмыс істеу.

7. Барлық негізгі және көмекші ЛБМ олар көзделген мақсаттар үшін ғана жұмсалуда тиіс. Оларды басқа мақсаттарға пайдалануға жол берілмейді.

2-тарау. Бастапқы материалдарға, дайындамаларға және жартылай фабрикаттарға қойылатын талаптар

8. АА ұйымдарында сырланатын жұмыстардың барлық түрлері мен барлық кезеңдерінде бастапқы материалдарды (негізгі және көмекші ЛБМ, жартылай фабрикаттар, жуатын арнаулы сұйықтықтар және т.б.) сертификатында, паспортында немесе басқа ілеспе құжаттамада көрсетілуге тиісті улылығы, жарылыс және өртқауіптілігі туралы белгілі деректері болғанда ғана қолданған жөн.

Белгілі құрамдағы бастапқы материалдарды қолдануға, сондай-ақ оларды қоймаларда сақтауға жол берілмейді.

9. Импорттық бастапқы материалдардың (ЛБМ) сертификаты, санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары және/немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары (ұйымдары) берген қолдану мүмкіндігі туралы рұқсаты болуға тиіс немесе оларды қолдану мен сақтау шарттары туралы мәліметті қамтитын әзірлеуші фирманың ілеспе құжаттамасы болуға тиіс.

10. Құрамына бензол, пиробензол, хлорланған көмір сутегі мен метанол бар ЛБМ-ны қолдануға жол берілмейді.

11. Жұмыс құрамында толуолдың, ксилолдың және сольвентаның 15%-нан астамын құрайтын ЛБМ-ны қолдануға жол берілмейді.

12. Пентафталеvті эмальдарға арналған (ПФ тобы) еріткіштер ретінде уайт-спиртті қолданған жөн. Осы Ереженің 11-тармағының талаптарын қамтамасыз еткен жағдайда сольвентаны пайдалануға рұқсат етіледі.

13. Эпоксидтік ЛБМ-ны жасаған кезде, егер бұл технологиялық талаптарға сай келсе, гексаметилендиамин қатайтқышын улылығы аз полиэтиленполиаминге немесе полиамидке ауыстырған жөн.

14. Лак-бояу материалдары, негізінен, улы болып табылады және адам организміне зиянды әсер етуі мүмкін.

15. ЛБМ-ның улылық дәрежесі жұмыс аймағының ауасындағы шекті рұқсат етілетін заттардың концентрациямен және шекті рұқсат етілетін зиянды химиялық заттармен жұмыс істейтіндердің қол терілерінің былғану деңгейімен а й қ ы н д а л а д ы .

ЛБМ-ның және олардың құраластарының улы ерекшелігі осы Ереженің 4-қосымшасында берілген.

16. Аса улы болып табылатын ЛБМ:

- 1) құрамында қорғасын бар пигменттер;
- 2) құрамында толуиленидиизоцианат, гексаметилендиамин, эпихлор-гидрин бар эпоксидтік және полиуретандық ЛБМ;
- 3) құрамында хром және мырыш бар пигменттер;
- 4) перхлорвинилдік (ХВ) құрамды трикрезилфосфат, дибутифталат;
- 5) құрамында формальдегид және фенол бар несепнәр (НН), меланиндік (МЛ), фенолдық (ФЛ), сополимерновинилхлоридті (ХС);
- 6) құрамында джибутилфталат бар нитроцеллюлоздық (НЦ), поливинилацетельдық (ВЛ), хлорланған жартылай этилендік (ХЖ).

17. ЛБМ және олардың құраластары, суда еритіндерді қоспағанда, ұшып кетеді және бөлменің температурасында тез буланады.

Жоғары температура кезінде ЛБМ және олардың құраластарының ұшып кетуі артады. Құрамында фенол, формальдегид, эпихлоргидарин және дибутифталат бар ЛБМ аса тез ұшып кететін қасиетке ие болады.

18. Лак-бояу материалдары жұмыс істеушілердің организміне дем алу органдары арқылы, асқазан-ішек жолдары арқылы, сондай-ақ зақымданған және жеке сақтандырғыш құралдарымен қорғалмаған тері арқылы бу, шаң және сұйықтық аэрозолдер түрінде, әртүрлі ауыр зақымдарға (улануға) себепші бола отырып, өтуі мүмкін. Лак-бояу материалдарымен уланған және зақымданған кездегі тән симптомы мен алғашқы көмек көрсету жөніндегі шаралар осы Ереженің 1-қосымшасында көрсетілген.

19. ЛБМ-нің өрт және жарылыс қауіптілігі мынадай негізгі көрсеткіштер б о й ы н ш а а й қ ы н д а л а д ы :

1) шығу температурасы (алауды апарған кездегі бу шығатын ең аз температура) ;

2) өздігінен тұтанатын температура (алау көзі жоқ болса да ауамен араласқан кезде ЛБМ жана бастайтын ең аз температура);

3) тұтанудың температуралық шегі (олар алауды апарған кезде жарылуға қабылетті ауада ЛБМ булар мен газдар қоспасының ең аз температурасы).

20. Тиісті мемлекеттік стандарттардың негізінде (бұдан әрі - МЕМСТ), барлық ЛБМ өздігінен тұтанатын температураның шамасына қарай топтарға б ө л і н е д і .

АА ұйымдарында барынша жиі қолданылатын ЛБМ-ны өрт қауіпті топқа жатқызуды ЛБМ-ның өрттен қауіпті сипатына сәйкес жүргізген жөн.

21. Жекелеген топты ұнтақ тәрізді полимерлік ЛБМ құрайды, оның өрттен-жарылыс қауіпті ерекшелігін ауадағы концентраттар мен температулар және отырған шаң-тозаң айқындайды.

22. АА ұйымдарында пайдаланылатын өрттен және жарылысқауіпті ЛБМ-ға және олардың құраластарына:

1) суэмульсиялық бояулар:

ВД-ВА-27, ВД-ВА-27А, ВД-ВА-27Т, ВД-ВА-224, ВД-КЧ-26, ВД-КЧ-26А, Э-ВС-2120 және басқалар;

2) мырышты крон және титанның диоксиды;

3) жанғыштығы төмен бояулар;

Э-АК-229ПГ, Э-АК-231ПГ, Э-ВА-181ПГ, КО-42 және басқалар;

4) Э-ВА-0112 бітеме-тегістегіш.

3-тарау. Өндірістік алаңдарға (өндірістік үй-жайлардан тыс орындалатын процестер үшін) қойылатын талаптар

23. АА ұйымының аумағында арнайы бөлінген және жабдықталған алаң (орын) көзделуге тиіс:

1) сырлау жұмыстарын орындау мен ЛБМ-дан босаған ыдыстарды сақтау үшін өндірістік, әкімшілік-тұрмыстық, қоймалық және басқа үй-жайлар мен құрылыстардан кем дегенде 50 метр қашықтықта;

2) ЛБМ жұққан сұрту материалдары мен басқа да өндірістік қалдықтар үшін үй-жайлар мен құрылыстардан кем дегенде 8 метр қашықтықта болғаны жөн.

24. Сырлау жұмыстарын орындау мен ЛБМ-нан бос ыдыстарды сақтауға арналған жабық алаңдар (орындар) төгілген материалдардан тазарту жүргізуге мүмкіндік беретін ЛБМ үшін өткізбейтін материалдардан орындалуға тиіс.

4-тарау. Өндірістік үй-жайларға қойылатын талаптар

25. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған ғимарат (сырланған учаске мен цех, сырланған бұйымдарды тазалау және жуу учаскелері, бояу дайындайтын учаскелер) отқа төзімді (тиісті МЕМСТ бойынша) II дәрежеден төмен емес бір қабатты арнайы жабдықталған қабырғаның сырт жағында терезелік ойығы бар

үй-жайда орналастырылуға, аралас өндірістік үй-жайлардан отқа төзімді қабырғалармен бөлінуге тиіс және оқшауланған шығатын есігі бар жеке, жеке оқшауланған болуға тиіс.

26. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайларды жертөлелер мен шығыңқы ірге қабаттарға, сондай-ақ көпқабатты үйлердің бірінші қабатына орналастыруға жол берілмейді.

27. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайларды көлемдік-жоспарлы және сындарлы шешімі жұмыс істеушілердің өндірістік операцияларды еркін орындауын, жабдықтар мен материалдарға қол жеткізуін, сондай-ақ үй-жайдың ішінде еркін жүріп-тұруын қамтамасыз етуге тиіс, сонымен бірге өтепе алаңының ені кем дегенде 0,8 метр болуға тиіс.

28. Қабырғалық қоршаулардың ішкі үстіңгі беті оларды былғанудан тазартуға мүмкіндік беретін жанбайтын материалдармен еденнен кем дегенде 2 метр биіктікте жабылуға тиіс.

29. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайлардың едені жанбайтын электр өткізгіш, ЛБМ-ға және оның құраластарына төзімді, оларды ЛБМ ластанудан тазалауға рұқсат етілетін және ұрған кезде ұшқын шықпайтын материалдардан (қыш тақта, гранитпен толтырылған әрленген бетон және сол сияқтылар) жасалуға тиіс.

30. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайларға жарық беру құрылыс нормалары мен ережелерінің (бұдан әрі - ҚНменЕ) талаптарына сай болуға тиіс.

31. Авариялық жарық беру осы үй-жайларды жалпы жұмыспен жарықтандыру үшін белгіленген жұмыстық үстіңгі қабаттардың жарықтылығын кем дегенде 5% нормамен қамтамасыз етуге, бірақ 2 люкстен аспауға тиіс.

32. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған аумақтардағы үй-жайлар мен алаңдар өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен:

от сөндіргіштермен;

өрт мұқаммалымен (суы бар бөшкелермен, өртке арналған шелекпен, асбасті немесе киіз маталармен, құм салынған жәшіктермен және күрекпен);

өртке арналған құралмен қамтамасыз етілуге тиіс.

33. Өрт техникасының барлық түрлерін орналастыру, орнату және ұстау тиісті МЕМСТ талаптарына және басқа нормативтік (техникалық) құжаттарға жауап беруге тиіс.

34. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жай өрт автоматы қондырғыларымен, сондай-ақ телефон байланысымен жабдықталуға тиіс.

Телефон аппараттары үй-жайларға кіре берісте орнатылғаны жөн.

35. Сұйық ЛБМ-ны қолданған кезде (жұмыс істеу құрамдары) сырланған учаскелер мен алаңдардың өрт және жарылысқауіпті өндірістердің, егер олар

технологиялы ағыс бойынша орналастырылған болса, жалпы өндірістік үй-жайларына (үй-жайлардан тыс) жайластыруға рұқсат етіледі.

36. 5 метр радиустағы учаске аймағына өрт және жарылысқауіпті қоспаны түзуі мүмкін сұйық ЛБМ-ны қолданған кезде (жұмыс істеу құрамдары) сырланған жабдықтың ашық ойықтары мен ішінде материалдар бар ыдыстарды өрт және жарылысқауіпті деп есептеген жөн.

37. Ірі көлемдегі бұйымдарды сұйық ЛБМ-мен камерасыз сырлаған кезде сырланған алаңдар қоршалуға тиіс. Сырланған бұйымдардан биіктігі бойынша 5 метр радиустағы аймақ өрт және жарылысқауіптіге жатады.

38. Өндірістік үй-жайда жұмыс жасаған кезде (ұнтақ бояуларды жағатын, құрғақтай әрленетін және жабындылармен жылтырататын учаскелер) 65 мг/м^3 және одан төмен жалындау шегімен шаң шығатын жабдық цехы болған жағдайда, барлық цехты өрт және жарылысқауіпті өндірістерге жатқызған немесе шаң шығаратын учаскені отқа төзімділігі 0,75 сағат (тиісті МЕМСТ бойынша) шекпен жалпы цехтың жанбайтын шаң өткізбейтін үй-жайынан оқшаулаған жөн. Сонымен бірге оқшауланған учаске өрт және жарылысқауіпті болып есептеледі, ал қалған үй-жайлардың өрт және жарылысқауіптілігі ондағы айналыстағы заттардың қасиеттерімен айқындалады.

39. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайлар мен алаңдар МЕМСТ-тың талаптарына сәйкес дабылды жарық түрлерімен және қауіпсіздік белгілерімен көрсетілуге тиіс. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайға кірер кезде қабырғаларында, сырланған алаңдардың қоршауларында және көрнекі орындардағы адам жүретін жерлерде: "Оттан қауіпті", "Темекі шекпеңіз" және "Тез тұтанады" деген ескертпе жазбалар ілінуге тиіс.

40. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайлар қауіпті оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі салынған қобдишамен жабдықталуға тиіс (осы Ережеге 2-қосымша).

41. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған барлық үй-жайлар ауада шекті рұқсат берілетін концентрацияны (ШРК) арттырмайтын, тиісті МЕМСТ-тың талаптарымен айқындалған зиянды заттардың болуын қамтамасыз ететін ауаның келуін-тартылуын жалпы механикалық түрде айырбастау желдеткішімен жабдықталуға тиіс.

42. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайларды жылыту және желдету жүйелері тиісті МЕМСТ талаптарымен айқындалған микроклиматтық жағдаймен қамтамасыз етілуге тиіс.

43. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайларды жылыту ауамен, ауа әкелетін желдеткішпен бірлескен болуға тиіс. Аз қысымды сумен немесе бумен жылытуды қолдануға ҚНменЕ сәйкес рұқсат етіледі.

44. Жылытқыш құралдар мен құрылғыларды жанбайтын торлы қоршаулармен (алмалы-салмалы) жабдықтаған жөн.

Жылытқыш құралдар мен құрылғыларды қуыстарға орнатуға рұқсат етілмейді.

45. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайлардағы жылыту құралдары мен құрылғылардың үстіңгі беті тегіс болуға және температурасы 95 °С-тан аспауға тиіс.

46. Сырланған цехтардың, майланатын, бояу дайындайтын бөлімдердің үй-жайлары, бөлшектерді жуу және тазалау учаскелері, қоймалар мен жиынтықтар желдеткіштің механикалық түрде ауаның келуін-тартылуын дербес жүзеге асыратын жүйелермен жабдықталуға тиіс, олар өзара және басқа үй-жайлардың желдеткіш жүйелерімен бірлесуге тиіс емес.

47. Жергілікті желдеткіш жүйелерін ЛБМ-мен жұмыс істеудің мынадай түрлерінде қолданған жөн:

1) ЛБМ-ның жұмыс істейтін құрамын дайындау мен оларға бояу дайындайтын бөлімдерде (үй-жайларда) еріткіштер араластыру немесе жұмыстың осы түрі үшін арнайы бөлінген орындарда;

2) әуе кемелерінің ішкі және сыртқы беттерін сырлау;

3) жұмыс орындарында ауасыз немесе электрмен бүрку әдістерімен сырлау;

4) сырлау камераларында орталықтан кеткіш электрстатикалық бүркпелер арқылы қолмен сырлау;

5) сырланған бұйымдарды кептіру;

6) бос ыдыстарды, жұмыс істейтін сыйымдылықтарды, сырланған құралдар мен жабдықтарды арнайы жабдықталған орындарда тазалау және жуу;

7) сырлау камералары мен постарында сырлау (ұнтақ бояулар бүрку);

8) жабындыларды құрғақтай әрлеу.

48. Өндірістік жабдық және жұмысшы орындарының жергілікті желдеткіш жүйелері өзара және үй-жайлардың, оның ішінде ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайлардың желдеткіш жүйелерімен бірлесуге тиіс емес.

49. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайлар желдеткішінің жалпы айырбастау және жергілікті ауаның келу-тартылу жүйелерінің желдеткіш агрегаттары оқшауланған үй-жайларда орналастырылғаны және ұшқын шығарудан қорғанысы күшті орталықтан кеткіш желдеткішпен жабдықталғаны жөн.

50. Жартылайуретандық және эпоксидтық ЛБМ дайындау жөніндегі барлық операциялар арнайы бөлінген сорғыш шкафтарда жүргізілуге тиіс.

51. Сырланған камералар мен едендік торлар сырлау орнына, желдеткіш тәсіліне және қолданылып отырған ЛБМ-ның қауіптілік сыныбына қарай

шығарылатын ауаның көлемін қамтамасыз ететін жергілікті сорғыштармен жабдақтылуға тиіс (осы Ереженің 3-қосымшасы).

52. Майлаушы сырлау кезінде оның ішінде болатын барлық үлгідегі сырланған камералар ауаны баяу сорғышпен және жоғарыдан 20-22 ° С температурамен келетін ауаны берумен жабдықтылуға тиіс.

53. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайлардағы ауаны, ЛБМ-ны концентрациялауды қамтамасыз ететін жұмыс көлеміндегі камерада 50%-дан аспайтын жарылыс шегі төмен кептіргіш камераны қоспағанда, қайта циркуляциялауға жол берілмейді.

54. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайларда еден астындағы тарту арналардың құрылғысына камерасыз сырлау кезінде сырланған камералардан ауаны едендік торлар арқылы тартуға арналған арналарды қоспағанда, жол берілмейді.

55. Ауа жинайтын тесіктер мен тартылған ауаны шығаруға арналған тесіктер келетін және тартылатын ауаның ағысына ұшқынның түсуін болдырмайтын орындарда орналастырылуға тиіс.

Сорғыш ауа әкелгіштердің қалпақтары болмауға тиіс.

56. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайлардан, жергілікті желдеткіш жүйелерінен және жергілікті сормалардан тартылатын ауа гидробілтелердегі ЛБМ-ны аэрозолдан "ылғал" тәсілмен тазартылуға тиіс.

57. Барлық желдеткіш қондырғаларға паспорттар мен режим карталары, сондай-ақ жөндеу және пайдалану журналдары ашылуға тиіс.

58. Желдеткіш жүйелерінің тиімділігін құралдық тексеруді жылына екі реттен сиретпей, сондай-ақ желдеткіш жүйелер күрделі жөнделгеннен және қайта жаңғыртылғаннан кейін жүргізген жөн.

5-тарау. Өндірістік жабдыққа қойылатын талаптар

59. Сырлау жұмыстарының кезінде қолданылатын жабдық (барлық үлгідегі сырлау және кептіргіш камералар, ЛБМ-ны жағуға арналған қондырғылар, бұйымдарды, компрессорларды, электр қозғалтқыштарын, қолмен істелетін электр және пневмоқұралдар мен басқалар жууға және майдан тазартуға арналған қондырғылар), сондай-ақ үй-жайлардағы (желдеткіштік, ауаны тазартқыштар, жарық беруші және басқалар) өндірістік ортаның нормаланған параметрлерін қамтамасыз ететін қондырғылар МЕМСТ-қа және басқа да өндірістік жабдық пен құралдарға қойылатын еңбек қорғау жөніндегі талаптарды қамтитын нормативтік құжаттарға сәйкес келуге тиіс.

60. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған үй-жайларда пайдаланылатын өндірістік, желдеткіштік және басқа жабдық үй-жайдың өрт-және

жарылысқауіптілік сыныбына, ЛБМ жарылысқауіпті қоспаларының тобы мен санатына сәйкес келуге және электрстатикалық қауіпсіздік талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

61. ЛБМ-мен жұмыс істеу үшін пайдаланылатын электр жабдығы осы электр жабдығы жарылыстан сақтандырғыш болып табылатын жарылысқауіпті қоспалар тобына сәйкес келуге тиіс. Жарылыстан сақтандырғыштығы электр жабдығының шекті температурасымен айқындалады және температуралық сынып белгісімен көрсетіледі.

Электр жабдығын ЛБМ-ның әрбір нақты үй-жайында барлық пайдаланылғандардың ішінен аса жаралысқауіптісі бойынша іріктеген жөн.

Электр жабдығының температуралық сыныбы электр жабдығының негізгі бөліктеріне бекітілетін корпустағы немесе жеке пластинкадағы дөңес белгілер түрінде көрсетіледі.

62. Электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету және статикалық электр зарядтарының түзілуі мен жинақталуының алдын алу үшін мыналарды:

1) ангарлардағы, ұшақ жөндейтін корпустардағы (цехтардағы) және ашық алаңдардағы сырлау орындарының технологиялық жабдық жиынтығының кем дегенде екі нүктедегі әуе кемесін бір басында қадамен және екіншісінде қысқышпен жабдықталған тасымалы жерлендіретін темір арқан болуға тиіс;

2) стационарлық жабдық (барлық үлгідегі сырлағыш және кептіргіш камералар, ЛБМ жағуға арналған қондырғыларды, бұйымдарды, компрессорларды, электр қозғалтқыштарын жууға, тазалауға және майдан тазартуға арналған қондырғылар);

3) ортақ айырбасталатын және жергілікті желдеткіштер жүйелерінің қондырғылары, агрегаттары мен ауа айдаушы;

4) қолмен істелетін электр және пневмоқұралдар;

5) көмекші жабдық (столдар, конвейерлер, сатылар, баспалдақтар, поддондар, с ө р е л е р ж ә н е т . б .) ;

6) сырланған бұйымдарды жерлендіру қажет.

63. $0,7 \cdot 10^5$ Па (0,5 атм.)-ден астам жоғары (артық) қысыммен жұмыс істейтін жабдық белгіленген тәртіппен бекітілген қысыммен жұмыс істейтін қондырғылар мен түтікшелерді қауіпсіз пайдаланудың нормативтік құжаттамаларына сәйкес, редукторлармен, манометрлермен және сақтандырғыш қақпақтармен жабдықталуға тиіс.

64. Жоғары қысыммен жұмыс істейтін стационарлық жабдық: "Абайлаңыз, жоғары қысым" деген қауіпсіздік белгілерімен, ал электр қондырғысы - "Тоқта! Кернеу" жазумен түсіндіретін қауіпсіздік белгісімен жабдықталуға тиіс.

65. Барлық үлгідегі сырланған камералардың:

1) сырланып жатқан бұйымның толық салынуына мүмкіндік беретін жеткілікті мөлшері;

2) камераның ішкі қабырғалары мен бұйымдардың арасындағы өтпе жол кем дегенде 1, 2 метр;

3) ұзындығы 1 метрден кем емес көліктік ойықтарда шығатын ойықта жұмсақ перделері бар тамбурлары;

4) майлаушылардың еңбегін жеңілдететін конвейерлері, айналмалы үстелдері, бұрылмалы едендік шеңберлері, көтергіштері, көліктік арбалары және т.б.;

5) жергілікті желдеткіштерден ЛБМ орталықтан берудің желдеткіш ажыратылып тасталған жағдайда ЛБМ беруді тоқтату үшін шектемелі құрылғысы болуы қажет.

66. Электрмен сырланатын камералардың, осы Ереженің 65-тармағында санамаланғандардан басқа, қосымша:

1) оның сыртқы қабырғаларына жанасуды болдырмайтын сыртқы қоршауы;

2) есіктерді ашқан кезде жоғары кернеуді ажыратып тастауға арналған есіктердің жоғары вольтты жабдық ажыратқыштарымен шектемелі құрылғысы;

3) желдеткіш жұмыс істемей тұрған кезде немесе жылжымайтын конвейерде, немесе жоғары кернеуді ажыратып тастаған кезде шаңдатқыш құрылғыны қосуды болдырмайтын шектемелі құрылғысы болуы қажет.

67. Кептіргіш камералар:

1) сыртқы жоғары бетінің 45° C-тан аспайтын температурасын қамтамасыз ететін жылумен қапталған сыртқы қабырғасы;

2) жылытқыш құралдарды сырланған бұйымдармен жанасудан және осы бұйымдардан ЛБМ-ның тамшысы оларға тамбаудан сақтандырғышы;

3) байқау үшін жеңіл қолжетімді орындардағы камералардың сыртына бақылау-өлшеу құралдарын орналастыру температурасын автоматты түрде реттегіштері;

4) желдеткішті ажыратып тастаған немесе конвейер тоқтап тұрған кезде жылу жеткізгіш беруді болдырмайтын шектемелі құрылғысы;

5) ауаның қайта айналуы кезінде сақтандырғыш жарылғыш мембрадары болуға тиіс.

Кептіргіш камералар жабдығын спиралдарының ашық немесе камераның ішінде электр байланыстарын пайдалануға жол берілмейді.

68. Бұйымдарды малу әдісімен сырлауға арналған астаулардың:

1) $0,5 \text{ м}^3$ қоса алғанға дейінгі көлем кезінде - борттық ауа тарту сорғышы;

2) $0,5 \text{ м}^3$ -ден асатын көлем кезінде - жергілікті тарту желдеткішімен жабдықталған арнайы камерада жабуы;

3) 1,0 м³ -ден астам көлем кезінде - ЛБМ-ны авариялық құйып алу және маханикаландырылған араластырғышы;

4) қақпағын жабу полотносы;

5) желдеткішті қосқан кезде конвейердің жұмысын тоқтататын (конвейерлік тәсілмен сырлау кезінде) шектемелі құрылғысы болуы қажет.

69. Көмекші жабдық (баспалдақтар, сатылар, арбалар), ЛБМ-мен жұмыс жасаған және техникалық қызмет көрсеткен кезде пайдаланылатын мүкәммал мен құралдар соққан кезде ұшқын шығармайтын және статикалық электр жинамайтын отқа жанбайтын материалдардан жасалуға тиіс. Ағаш төсеніштер, алаңдар, төсем тақталар оттан сақтандырғыш құрамдармен өңделуге тиіс.

Синтетикалық материалдардан жасалған щеткалар, бекіткіштер мен қылқалам қолдануға жол берілмейді.

70. ЛБМ-мен жұмыс жасауға арналған барлық үй-жайларда жарылыстан сақтандырылған, ылғал өткізбейтін, шаң-тозаң өткізбейтін және жабық күйдегі шамдалы қолданылуға тиіс.

71. ЛБМ-мен жұмыс жасауға арналған үй-жайлар мен қоймаларда жарық беретін электр жүйесі жергілікті жарықтандыру шамдалдары сырланған бұйымдардан, ЛБМ бар ыдыстардан және ЛБМ жұққан өндірістік құралдардан кем дегенде 0,5 метр қашықтықта орналастыру үшін монтаждалуға тиіс.

72. Әуе кемелерінде сырлау жұмыстары кезінде пайдаланылатын тасымал шамдалыны жаралыстан сақтандырғышпен атқарылуға тиіс, металдан жасалған сақтандырғыш торкөзі, асып қоюға арналған ілгек, электр желісінің тұрақты тоғының кернеуі 24 В-дан аспайтын және ауыспалы тоғының 12 В-дан аспайтын жарамды оқшауланған ұзындығы жеткілікті шлангілік өткізгіші болуға тиіс. Электр желісіне қосу әуе кемесінен тыс жерде жүргізілуіне тиіс.

73. ЛБМ-мен жұмыс жасауға арналған үй-жайлардағы электрөткізгіш іште (жасырын) болуға және сенімді электр және гидрооқшаулағышы болуға тиіс.

74. Бөлуші және іске қосу электр аппаратурасы барлық үлгідегі сырлағыш және кептіргіш камералардан тыс, сондай-ақ сырлау жұмыстарына арналған үй-жайлардан тыс болуға тиіс.

6-тарау. Өндірістік (технологиялық) процестерге қойылатын талаптар

75. ЛБМ-мен жұмыстың технологиялық процестерін ұйымдастыру мен жетілдіру АА ұйымдарының қызметкерлеріне қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмауға немесе азайтуға бағытталуға тиіс. Бұл ретте олар көбінесе қауіптілік пен зияндылық дәрежесінің тәртібінде берілген сырлаудың тәсілдеріне байланысты екенін ескерген жөн:

- 1) пневматикалық (қолмен) бүрку;
 - 2) ауасыз (гидравликалық) бүрку;
 - 3) электр статикалық (электрмеханикалық, пневматикалық, ауасыз) бүрку;
 - 4) құю және батыру;
 - 5) қылқаламдармен немесе білікшелермен сырлау;
- б) электрмен қондыру.

76. Сырлау үшін үстіңгі беттерді даярлау барысында қолданылатын ЛБМ мен материалдардың жұмыс істеу құрамы арнайы жабдықталған бояу дайындайтын бөлімдерде (үй-жайларда) әзірлеген жөн.

77. Бөшкелерден, бидондардан және 10 килограмм салмақты басқа ыдыстардан жұмыс жасайтын ерітінділер дайындау үшін басқа ыдысқа қойып алу және құю механикаландырылуға тиіс. Еден мен жабдықтың ластануын болдырмау үшін ЛБМ-ны бір ыдыстан екіншісіне құйып алу немесе құю борттардан 50 миллиметрден аласа емес табандықтармен жүргізілуге тиіс.

78. Белгіленбеген орындарда, оның ішінде жұмыс орындарда жұмыс істейтін құрамдарды дайындау, ЛБМ-ны құйып алуға немесе құюға жол берілмейді.

79. Сырлау жұмыстарының барлық түрлеріне арналған үй-жайларда, ЛБМ-ның қоры мен олардың құраластары жұмыс орындауға қажетті ауысым мұқтажынан артпауға тиіс және герметикалық жабық ыдыста сақталуға тиіс.

80. Баспалдақтарды, сатыларды, төсемсатыларды, алаңдар мен басқа да көмекші жабдықты, сондай-ақ әуе кемелері құрылымдарының, үй-жайлар мен құрылыстардың элементтерін пайдаланылған, барлық кезеңдердегі сырлау жұмыстары белгіленген тәртіппен бекітілген биіктікте жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес орындалуға тиіс.

81. Сырлауға үстіңгі беттерді арнайы сұйықтықтарды қолдана отырып, дайындаудың технологиялық процестері белгіленген тәртіппен бекітілген авиациялық-химиялық жұмыстардағы және арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кездегі техника қауіпсіздігі мен өндірістік санитария жөніндегі ережелерге сәйкес жүргізілуге тиіс.

82. Сығымдалған ауаны пайдалана отырып және жоғары қысымдағы ерітінділерді бере отырып сырлау үшін үстіңгі беттерді ағыс және пневмо-гидроабразивті әдістермен тазалау кезінде белгіленген тәртіппен бекітілген құрылғылар мен қысыммен жұмыс істейтін түтікшелерді қауіпсіз пайдалану ережесі сақталуға, сондай-ақ абразивтік, сүйек үгіндісі мен тазартылатын ЛБМ шаңдарының, бөліктерінің, коррозияға қарсы қоспалардың құрамына кіретін кремний ұнтақтары мен алюминий тотықтарының әсерінен жеке қорғау құрылдары қолданылуға тиіс.

83. Әуе кемесіне және оның жекелеген тораптары мен агрегаттарына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу кезінде жүргізілетін сырлау жұмыстарының барлық түрлері арнайы жабдықталған үй-жайларда немесе аумақтағы арнайы жабдықталған алаңдарда жүргізілуге тиіс.

84. Әуе кемелерін сырлаған кезде мынадай талаптарды сақтаған жөн:

1) жұмысты бастар алдында автоматты өртсөндіргіш жүйелері мен цех (анғар) қақпаларының жұмыс қабілеттілігі тексерілуге тиіс;

2) жұмыс істеген кезеңде цехта (анғарда) тікелей жүргізушісі бар тартқыш к е з е к ш і б о л у ғ а т и і с ;

3) жұмыс істеген кезеңде әуе кемесі электрмен қоректендіргіштің барлық көздерінен ажыратылуға және екі орында жерлендірілуге тиіс;

4) цехта (анғарда) бір әуе кемесін ғана сырлауға жол беріледі;

5) әуе кемесінің есіктері, люктары және т.с.с. ашық тұрған кезде жұмыс ж ү р г і з у ;

6) жергілікті жылжымалы желдеткіш қондырғыларын қолдану;

7) карама-қарсы жақтарда кем дегенде екі ойықтары (люктары) болған кезде, әуе кемелерінің ішінде сырлау жұмыстарын жүргізуге; біреуі ағыс үшін және басқасы 7 м/с аспайтын жылдамдықтағы ауа қозғалысымен ауаны тарту үшін;

8) сырлау жұмыстарын тарту ойықтарынан бастаған жөн;

9) екі және одан көп әуе кемелерін бояу қажет болған кезде, соңғылары бөлек жанбайтын қалқалары бар оқшаулаушы үй-жайларда орналастырылады;

10) бір уақытта әуе кемесінің сыртқы және ішкі үстіңгі беттерін бояуға жол б е р і л м е й д і ;

11) сырлау жұмыстарын атқарған кезде әуе кемесіндегі жұмыс кеңістігін бөліктер бойынша учаскелерге бөлу және сырлауды бөліктің негізгі эвакуациялық шыға берісінен едәуір алыстағы жерден бастау;

12) бір уақытта бірнеше бөліктерде жұмыс істеуге жол берілмейді;

13) негізгі желдеткіш шығыстары арқылы желдеткіш қондырғылар жеңдерінің аралық төсеміне жол берілмейді;

14) әуе кемесінің ішінде сырлау жұмыстары кезінде жұмыс орында ө р т с ө н д і р г і ш б о л у ғ а т и і с ;

15) жұмыс сыршылардың әуе кемесінен (әрбір жұмыс уақытында 15 минутке) ауық-ауық шығуымен жүргізілуге тиіс.

85. АА кәсіпорнында әуе кемелерінде сырлау жұмыстары үшін арнайы жабдықталған үй-жай болмаған жағдайда, мемлекеттік санитариялық қадағалау органдарының және өрт сөндіруші қадағалау органдарының рұқсатымен осы жұмыстарды ангарлар мен ұшақ корпустарының (цехтардың) арнайы бөлінген және тиісінше жабдықталған алаңдарында мынадай қосымша талаптарды орындаған кезде жүргізуге рұқсат етіледі:

- 1) жұмыс жүргізуге арналған рұқсат беру нарядын міндетті түрде ресімдеу (осы Ереженің 4-қосымшасы);
- 2) жұмыс басталар алдында арнайы жоспардан тыс нұсқаудан өткен адамдарды жұмысқа жіберу;
- 3) лауазымды адамның (шебердің) тікелей бақылауында жұмыс жүргізу;
- 4) жұмыс уақытында өртсөндіргіш постына кезекшілік орнату;
- 5) анғарда немесе ұшақ корпусында (цехта) басқа жұмыстар жүргізілмеген кезеңде сырлау жұмыстарын жүргізу;
- 6) жұмыс орнын оңай алынып-салынатын қоршаулармен қоршау және "Бөгде адамдардың кіруіне тыйым салынады" және оған "Абайлаңыз - өртқауіпті жұмыстар жүріп жатыр" деген тыйым салынатын белгілер орнату;
- 7) жұмыс жүргізу орындарын өртсөндіргіш құралдармен қамтамасыз ету, сонымен бірге өрт сөндіруші крандардың өрт сөндіруші жеңдері жайылған және қолдануға дайын болуға тиіс;
- 8) қолда бар желдеткіш қондырғылардың есебінен үй-жайларды желдету;
- 9) тіркеп сүйрелеуді қамтамасыз ету үшін оған қосылған жетектегіш шассиге орнатылған әуе кемесінде ғана жұмыс жүргізу;
- 10) жұмыс бастаудың алдында электр жабдықтардың, анғар құрылысының қақпаларының жай-күйіне тексеру жүргізу, олардың ашылуын сынап көру;
- 11) әуе кемелерінің барлық желдеткіш құрылғыларының, желдеткіш қондырғылары мен басқа да өндірістік жабдықтың қарсы тұруын өлшеу;
- 12) жұмыс жүргізген кезде жарылыстан қорғайтын электр жабдықтарын ғана пайдалану;
- 13) әуе кемесін эвакуациялау жолында бөгде заттар, жабдықтар мен басқа да әуе кемелері болмауға тиіс;
- 14) жұмыс жүргізу аймағында көлік құралдарының жол жүруіне тыйым салу;
- 15) майлаушылардың жеке қорғау құралдарын міндетті түрде қолдану.

86. Эпизодтық және ұдайы емес орындалатын ЛБМ-мен істелетін жұмыстарды белгіленген тәртіппен бекітілген жоғары қауіп бар жұмыстарға жіберу тәртібі туралы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес өткізген жөн.

87. ЛБМ-ны қолымен жалату тәсілімен сырлау кезінде мынадай талаптарды сақтаған жөн:

- 1) ЛБМ-да қорғасын пигменттерінің құрамы 1%-тен аспауға тиіс (технологиялық талаптар бойынша құрамында аса жоғары қорғасын қоспасы бар ЛБМ-ны пайдалану қажет болған жағдайда, оларды жұмыс аймағындағы ауада кем дегенде $0,5 \text{ мг/м}^3$ бояу тозаңдары болған кезде қолдануға жол беріледі);
- 2) бір орталықтан беру болмаған жағдайда жұмыс орындарына ЛБМ беру

тығыз жабылған ыдыста жүргізілуге тиіс;

3) ЛБМ-ның лактанған құрамдары қолдануға дайын түрде жұмыс орындарына берілуге тиіс;

4) эпоксидті және полиуретанды ЛБМ-мен бояу сырлау камераларында жүргізілуге тиіс (едендегі тарту торларындағы биіктігі 2 метрге дейінгі бұйымдарды, ал әуе кемелерін - осы Ереженің 87-тармағы 10) тармақшасының талаптарын сақтаған және осы Ереженің 8-тарауының талаптарына сәйкес жеке қорғаудың жұмыс істейтін құралдарын міндетті түрде қолданған жағдайда сырлауға рұқсат етіледі);

5) жұмыс бастау алдында шлангтердің және олардың қосылыстарының, бояунагнетателдік бачканың, май су бөлгіштің, бояу бүріккіштің, манометрдің, сақтандырғыш қақпақтың және жоғары пневмо жабдықтар мен гидроқысымның жарамдылығын тексеру;

6) бояунагнетателдік бачкалардың сырлау камераларынан тыс орналастырғаны жөн;

7) сығымдалған ауа қысымының немесе манометр көрсеткіші бойынша ЛБМ-мен жұмыс ерітіндісінің шамасын тұрақты тексеру;

8) сығымдалған ауаны және ЛБМ-мен жұмыс ерітінділерін беру аяқталғаннан кейін ғана жабдықты монтаждау (демонтаждау) бойынша жұмыстардың кез келген түрлерін жүргізу.

88. Электр жабдығымен істелетін жұмыстарды (электр статикалық тозаңдатқыштар, электрбояупульты, бояу агрегаттары, электр компрессорлары), сондай-ақ электрмен сырлау камераларында және электр құрғатқыш камераларда белгіленген тәртіппен бекітілген тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі техника қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын сақтай отырып, орындаған жөн.

89. Сырланған бұйымдарды құрғатуды құрғату камераларында жүргізген жөн. Жұмыс істейтін желдеткіштердегі сырлау орындарында бөлме температурасымен кебетін бұйымдарды (оның ішінде әуе кемелері) кептіруге рұқсат етіледі.

90. Сырланған құралдарға, аппаратура мен желдеткіш құрылғыларға техникалық қызмет көрсету мен оларға ағымдағы күтім жасауды АА ұйымы бас инженерінің бекіткен кесте бойынша жүргізгені жөн, сонымен бірге мынадай талаптарды ескеру қажет:

1) боялған жабдықты, аппаратураны және аспапты кезек аяқталғаннан кейін күн сайын тазалаған жөн;

2) жабдықты, аппаратураны, аспапты тазалау мен шаюды өрт қауіпсіз техникалық жуу сұйықтықтарды пайдалана отырып, "сулы" тәсілімен жүргізген жөн;

3) жабдықты, аппаратураны, аспаптар мен түгендегішті тазалау және шаю үшін бензин, керосин мен өрт қауіпі бар органикалық еріткіштерді қолдануға т ы й ы м с а л ы н а д ы ;

4) тазалау және жуу бойынша барлық жұмыстарды жеке қорғау құралдарымен ғана жүргізген жөн;

5) электр қозғатқыштар, жалпы жарықтандырғыш шамдар, электр тартылымы , бөлуші электр құрылғылар айына екі реттен сиретпей жанар шандарын, ал шандар едәуір мөлшерде бөлінген жағдайда - айына төрт реттен сиретпей т а з а л а н у ғ а т и і с ;

6) сырлау камераларын оның жиналу шамасына қарай сіңіп қалған бояудан аптасына бір реттен сиретпей тазалаған жөн;

7) барлық үлгідегі камералардың ішін тазалау мен жууды тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарын міндетті түрде пайдалана отырып, кем дегенде екі жұмысшы жүргізеді;

8) гидросүзгілердің астауларын бояудың сіңіп қалуына қарай тазалаған жөн, бірақ сіңіп қалған бояудан аптасына бір реттен сиретпей және судың бетінде қалқитын бояулардан ауысымда бір реттен сиретпей тазалаған жөн;

9) шаю арнасы мен гидросүзгінің су тарату жүйесін олардың ластануына қарай, бірақ камера жұмысының 160 сағатынан сиретпей тазалаған жөн;

10) бүріккіш гидросүзгілерді күн сайын тазалаған жөн;

11) сырлау және кептіру камераларындағы тарту ойықтарындағы (тесіктеріндегі) торларды, сондай-ақ сырланған учаскелер тартуының еден торларын он күнде бір реттен сиретпей тазалаған жөн;

12) аспапты, мұкаммалды, жабдықты мақта-мата кездемелерімен ғана сүрткен жөн. Осы мақсаттарға жүн, жібек, замша мен синтетикалық маталарды п а й д а л а н у ғ а ж о л б е р і л м е й д і ;

13) эпоксидті ЛБМ-мен ластанған жабдықты, аспап пен мұкаммалды сүрту мен жинауды көнерген мақта-матамен, суланған этиленцеллозамен, кейіннен сабынды сумен шайып жүргізген жөн;

14) ЛБМ-мен ластанған жабдықты, мұкаммалды және аспапты тазалау мен жинаудың барлық түрлерін желдеткіш іске қосылған кезде жүргізген жөн.

91. ЛБМ-дан босаған ыдыстарды жууды сырлау үй-жайларынан арнайы оқшауланған және ЛБМ үй-жайларының қоймаларында немесе өртке қарсы қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, өндірістік және қойма ғимараттарынан кем дегенде 25 метр қашықтықта арнайы жуу алаңдарында жүргізген жөн.

92. ЛБМ-дан босаған ыдыстарды тазалау мен жуу ұшқын шығармайтын материалдардан жасалған жұмсақ бекіткіштермен және щеткамен жүргізілуге тиіс. Осы мақсаттар үшін синтетикалық материалдардан жасалған щеткелерді, қылқаламдар мен бекіткіштерді пайдалануға жол берілмейді.

93. Сұрту заттарды, маталар мен көнерген нәрселерді пайдаланғаннан кейін қақпағы бар металл жәшіктерге жинаған және ауысым аяқталғаннан кейін өндірістік үй-жайдан Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің әуе көлігіндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық органдармен келісімі бойынша және ұйымының өртке қарсы органның келісімі бойынша белгіленген арнайы бөлінген жерлерге шығарған жөн.

94. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін ЛБМ-ның жұмыста пайдаланылған ерітінділерінің қалғандарын бояу дайындайтын бөлімге (учаскеге), одан әрі пайдалануға жарамайтын ЛБМ-ның қалдықтарын жабық сыйымдылыққа жинаған және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің әуе көлігіндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық органдармен келісімі бойынша өрт күзеті бөлген жерлерде пайдаға жарату немесе оларды жою үшін үй - ж а й д а н а у л а қ қ а ә к е т к е н ж ө н .

ЛБМ-ның қалдықтарын кәрізге құюға жол берілмейді.

95. Еден үстіне, жабдыққа және т.б. ЛБМ немесе олардың құраластары төгілген жағдайда оларды құрғақ құммен немесе ағаш үгінділерді пайдалана отырып кетірген және үй-жайдан аулаққа әкеткен жөн.

96. ЛБМ-мен істелетін жұмыстардың барлық түрлеріне арналған үй-жайларда және АА ұйымдарының аумағында ашық отты пайдалануға (дәнекерлеу жұмыстары, дәнекерлеуіш шаммен жұмыс және басқа), электрмен жылыту приборларын пайдалануға және шылым шегуге жол берілмейді.

7-тарау. Бастапқы материалдардың дайындамаларды, жартылай фабрикаттарды, дайын өнім мен өндірістік қалдықтарды сақтау және тасымалдауға қойылатын талаптар

97. Лак-бояу материалдарын өрт тұрақтылығының II-деңгейінен төмен емес бір қабатты ғимараттарда орналасқан қоймаларда (тиісті МЕМСТ бойынша) немесе қабырғалары жанбайтын басқа да бөлінген үй-жайлардың жалпы қоймалардың блоктарында сақтаған жөн. Ерітінділер мен еріткіштерді жер астындағы үй-жайларда сақтаған жөн.

98. Қоймалық үй-жайлардың құрылғылары мен жабдықтары СНИЖ талаптарына сәйкес келуге тиіс.

99. Қоймалық үй-жайлардың қабырға қоршаулары мен едені оларды оңай тазалауға жол беретін жанбайтын материалдардан жасалуға тиіс.

100. Қоймалық үй-жайлардың жалпы механикалық ауаның келуі мен тартылуын алмастыратын желдеткіштер, электрмен жарықтандырғыш арматура және басқа да электр жабдығы жарылыстан сақтандырғыш орындайтындай болуға тиіс.

101. Барлық қоймалық үй-жайлар бірінші өрт сөндіруші құралдармен, өртсөндіргіш автоматиканың қондырғыларымен, өрт сөндіруші күзеттің бөлімшесімен байланыс орнату үшін телефондармен және бірінші көмек көрсету үшін дәрі қобдишасымен қамтамасыз етілуге тиіс.

102. ЛБМ-ны жарамды, герметикалық жабық ыдыста ғана сақтаған жөн, онда өртенбейтін материалдардан жасалған қатарлағыштарда, сөрелерде немесе шкафтарда ЛБМ-ның атауы бар жазулар немесе биркалар болуға тиіс.

103. ЛБМ-ы бар банкілерді, бөшкелер мен бидондарды орналастыру ені бойынша екі данадан аспауға, ұзындығы бойынша 15 данадан аспауға, сөренің биіктігі бойынша бір қатардан, қатарлағыштарда олардың арасына аралық төсем салынған екі қатардан аспауға тиіс.

45 ° С тұтану және одан төмен температурамен (P-4, P-5, P-12, P-40, P-189, P-1176, РКБ-1, РС-2, РЭ-2В, РЭ-3В, РЭ-4В, РЭ-11В, N 645-649; ацетон, Б-70 бензині, бутилацетат, ксилол, скипидар, сольвент, спирттер, стирол, толуол, уайт-спирит, циклогексанан, эпихлоргидрин, этилацетат, этилцеллоза) еріткіштердің негізінде жасалған ЛБЖМ ыдысын биіктігі бойынша бір қатарға ғана салуға жол беріледі.

104. Нитроцеллюлозалық (ПЦ тобы), эпоксидтық, ұнтақты, кремний органикалық және полиэфирмен молыққан ЛБМ 20 ° С-тан жоғары емес температурада жабық қоймаларда сақтаған жөн.

105. Қойманың бір үй-жайында ЛБМ мен талшықты материалдарды (мақта-мата, ескі-құсқы заттарды, сүрту тұқылдарын және т.б.) сақтауға жол берілмейді.

106. Қойма үй-жайларында ашық отты пайдалануға және шылым шегуге жол берілмейді.

107. Бояу дайындайтын бөлімдердің (учаскелердің), бояу цехтарының және басқа Лак-бояу материалдарымен (ЛБМ-мен) тұрақты жұмыс істейтін үй-жайлардың жанында ЛКМ-ды уақытша сақтау үшін осы Ереженің 3-тарауында баяндалған талаптарға жауап беретін қоймалар жасалуы керек. Қоймалардағы ЛКМ-ды бір жолғы сақтауға жол берілетін ең жоғары мөлшерінің нормалары өрт қауіпсіздігін қадағалау органдарымен келісу бойынша олардың өрт және жарылу қауіптігіне байланысты белгіленеді.

108. АА (Азаматтық авиация) ұйымдарында ЛБМ-ды тиеу-түсіру жұмыстары мен тасымалдауды мынадай талаптарды сақтай отырып, жүзеге асыру қажет:

1) АА ұйымының аумағы бойынша ЛБМ бар тасымалдау және жұмыс ыдыстарын сағатына 5 км жылдамдықтан асырмай, жерде қозғалатын көлік құралдары арқылы тасымалдау қажет;

2) ЛБМ үшін ыдысы бар тиеу-түсіру жұмыстарына арналған құрылғылар

ұшқын шығаруды болдырмайтын материалдардан жасалуы қажет;

3) қойма үй-жайларындағы ЛБМ бар ыдыстарды тасымалдауға арналған арбалардың дөңгелектері резинамен қапталған болуы қажет;

4) ЛБМ бар ыдысты сүйреуге, биіктен лақтыруға, оны ілу үшін темірден жасалған ілгіштерді пайдалануға және т.б. жол берілмейді;

5) ЛБМ бар ыдысты тасымалдау кезде ыдыстарды мұқият бекіту қажет;

6) көлік құралдарынан ЛБМ бар ыдыстарды тиеу және түсіру кезінде жұмыс істеушілердің жүктердің мүмкін болатын құлау аймағында болуына жол берілмейді;

7) ЛБМ бар ыдыста ақау табылған кезде, онда таңбалау мен ескерту жазбалары жоқ болған жағдайда тиеу-түсіру жұмыстарын орындауға жол берілмейді.

109. ЛБМ-ге арналған ыдыс МемСТ талаптарына сәйкес болуы тиіс. ЛБМ-ге арналған ыдыспен жұмыс істеу кезінде мынадай талаптарды сақтау қажет:

1) ЛБМ-ге арналған ыдыс бүтін, герметикалық жабылған және таңбаланған болуы қажет;

2) тасымалдау ыдысына бруттоның номиналды массасынан асатын ЛБМ-ды тиеуге жол берілмейді;

3) шыны және полимерлі материалдардан жасалған ЛБМ-ге арналған ыдыстар арнайы тасымалдау ыдысында (ағаш қораптарда, барабандарда, корзиналарда) қатталған болуы қажет;

4) жұмыс орындарына ЛБМ-ның жұмыс сұйықтықтарын жеткізуге арналған ыдыстар (жұмыс ыдысы) түсті металдардан жасала отырып, бүтін, герметикалық жабық және олардың ішіндегі ЛБМ аталған таңбасы болуы қажет;

5) ЛБМ сұйықтықтарымен жұмыс ыдысы көлемінің 3/4-ін толтыру қажет;

6) әуе кемесіндегі бояу жұмыстарына арналған жұмыс ыдысы 5 литрден аспауға, ал құрылыс алаңына жеткізілетіні (брутто) 15 кг-дан аспауға тиіс.

110. Қойма үй-жайларында тасымалдау ыдысын ашуға, ЛБМ жұмыс сұйықтықтарын құюға және дайындауға жол берілмейді. Аталған жұмыстарды арнайы жабдықталып, қоймадан оқшауланған немесе арнайы бөлінген жерде жүргізу қажет.

111. ЛБМ-ды тасымалдау ыдысынан жұмыс ыдысына арнайы аудармалы құрылғымен жабдықталған тіреудің (арбаның) көмегі арқылы құю қажет.

112. ЛБМ мен оның компоненттерінен босатылған ыдыстарды осы Ереженің 3-тарауындағы талаптарға сәйкес жабдықталған, арнайы бөлінген жерде сақтау қажет.

ЛБМ-нан босатылған ыдыстарды АА ұйымдарының қойма үй-жайлары мен басқа үй-жайларында сақтауға жол берілмейді.

8-тарау. Өндірісте жұмыс істеушілерді арнайы киіммен, арнайы аяқкиіммен және басқа жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі талаптар

113. ЛБМ жұмыстарымен айналысатын АА ұйымдарының барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау туралы заңнамасында көзделген, сондай-ақ жеке еңбек және ұжымдық шарттардың талаптарына сәйкес жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етілуге т и і с .

114. АА ұйымдарының қызметкерлері жеке қорғау құралдарынсыз ЛБМ-мен жұмыс істеуге жіберілмейді.

115. АА ұйымдарының қызметкерлері ЛБМ-мен жұмыс істеу кезінде респиратор, сақтандыру белдігі, каска және қорғайтын көзәйнек сияқты жеке қорғау құралдарын алған кезде оларды қалай пайдалану, тексеру және күту тәртібімен таныстырылуы қажет.

116. Қызметкерлердің ЛБМ-ге байланысты өндірістік операцияларды орындау барысында өздеріне берілген жеке қорғау құралдарын шын мәнісінде пайдалануына АА ұйымдарының әкімшілігі бақылау жасауы қажет.

9-тарау. Қорғау құралдарын қолдануға қойылатын талаптар

117. АА ұйымдарындағы ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған жеке қорғау құралдарын сақтау, мерзімінде жөндеп отыру, химиялық тазалау Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау туралы заңнамасында көзделген, сондай-ақ жеке еңбек және ұжымдық шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы қажет.

118. ЛБМ-мен былғанған арнайы киімдерді химиялық тазалауға басқа арнайы киімдерден бөлек өткізу қажет.

119. Майлы бояулармен, синтетикалы смола негізіндегі эмальдармен және лактармен, құрғақ пигменттермен былғанған арнайы киімдерді жуу механикаландырылған әдіс бойынша мынадай режимде жүргізілуі қажет: былғанған киім 60 минутқа жуу құралының ("Лабомид-203" үлгісіндегідей) 40 ° С температурадағы 1,5 % ерітіндісіне салынады, сонан соң 40 ° С температурада жуу құралының ("Лабомид-203" үлгісіндегідей) 1,5 % ерітіндісінде 15 минут бойы бірінші рет жуылады, екінші рет 0,5 % кір ұнтағының және кальциймен байытылған 2 % соданың ерітіндісінде 15 минут жуылады, соңында 80-60-40-20 ° С температуралардың әрқайсысына сәйкес төрт рет шайылады.

120. Құрамында қорғасыны бар ЛБМ-мен былғанған арнайы киімдерді сабын-сода ерітіндісіне сульфонатрий қышқылын қоса отырып, 30 минут бойы ерітіндінің 70-80 ° С температурасында механикаландырылған әдіспен және ас тұзының 5 % ерітіндісінде тұз қышқылының 1-2 % ерітіндісімен қосымша арылту арқылы жуу қажет.

121. ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған жеке қорғау құралдарын, арнайы киімдерін, арнайы аяқ киімдерін сақтау үшін:

1) ЛБМ-ді қабылдау-босатумен және сақтаумен айналысатын қоймашылар мен жиынтықтаушылар үшін жалпы үлгідегі гардеробтарда екі бөлімді шкаф;

2) майлаушылар, бояу мен левкас дайындаушылар, бояу мен лактарды кетіріп-арылтушылар, ЛБМ-ді тасымалдаушылар, АА ұйымының аумағында таңбалаумен айналысатын таңбалаушылар мен әуежай жұмысшылары, көмекші жұмысшылар үшін жеке үлгідегі гардеробтарда әрқайсысына бір бөлімді ш к а ф т а н б ө л і н у қ а ж е т .

Жеке киімдерін және ЛБМ-мен жұмыс істеуге арналған жеке қорғау құралдарын бірге сақтауға жол берілмейді.

122. ЛБМ-мен жұмыс істейтіндердің әрқайсысына қолдарының терісін қорғау үшін бір пайдалануға 5 грамнан арнайы қорғау-сақтандыруға арналған тері тазарту және дерматологиялық құралдармен (осы Ережеге 5-қосымша) камтамасыз ету қажет және ол құралдарды ЛБМ-мен жұмыс істейтіндер пайдалануға міндетті.

10-тарау. Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау мәселелері бойынша кәсіптік таңдауға және білімдерін тексеруге қойылатын талаптар

123. ЛБМ жағу жұмыстарын майлаушы мамандығы бар жұмысшылар істеу қажет. Жұмысқа жасы 18-ге толған:

1) медициналық қарап тексеру және қарсы көрсетімдері жоқ;

2) мамандығы бойынша білім алған;

3) еңбекті қорғау жөнінде сабақтан өткен және лак-бояу жұмыстарын орындауға құқығы бар деген куәлік алған;

4) еңбекті қорғау жөнінде кіріспе және алғашқы (жұмыс орнында) нұсқамалықтан өткен және:

- өрт қауіпсіздігі жөнінде нұсқамалықпен;

- ЛБӨ жағу жөнінде технологиялық нұсқамалықпен;

- ішкі еңбек тәртібі ережесімен;

- жеке қорғау құралдарын пайдалану ережесімен;

- жазатайым оқиға (улану, жарақат, электр тоғына түсу және т.б.) кезінде

өзіне және басқаларға алғашқы жәрдем көрсету ережесімен танысқан адамдар жұмысқа жіберіледі.

124. Еңбекті қорғау жөнінде нұсқамалықты кем дегенде 3 айда бір рет қайтадан жүргізіп отыру керек.

125. Еңбекті қорғау жөнінде жоспардан тыс нұсқамалық:

- 1) еңбекті қорғау жөнінде ережелер өзгергенде;
- 2) технологиялық процесс өзгергенде, жабдық, құрылғылар, құрал-саймандар, бастапқы шикізат ауыстырылғанда және жаңғыртылғанда;
- 3) жұмыскердің еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзуы салдарынан жарақатқа, аварияға, жарылысқа, өртке әкелген жағдай туындағанда;
- 4) жұмыстан 30 күнтізбелік күннен аса мерзімге қол үзгенде жүргізіледі.

126. Нұсқамалықтан өткен, еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөнінде қанағаттанарлық білім көрсетпеген адамдар жұмысқа жіберілмейді. Олар қайтадан нұсқамалықтан өтеді.

127. Еріткіштер мен шайғыштарға байланысты жұмыстарға жасы 18-ге
т о л ғ а н :

- 1) медициналық қарап тексеру;
- 2) мамандығы бойынша білім алған;
- 3) оқу бағдарламасы бойынша еңбекті қорғау жөнінде сабақтан өткен және лак-бояудан арылту үшін кетіріп-арылту жұмыстарын орындауға құқығы бар деген к у ә л і к а л ғ а н ;
- 4) өрт қауіпсіздігі жөнінде нұсқамалықтан өткен және:
 - лак-бояудан арылту бойынша кетіру-арылту жұмыстары технологиясымен;
 - ішкі еңбек тәртібі ережесімен;
 - жеке қорғау құралдарын пайдалану ережесімен;
 - алғашқы медициналық жәрдем көрсету ережесімен танысқан адамдар жіберіледі.

128. Жүкті және бала емізетін әйелдер шайғыштар мен еріткіштерге байланысты жұмыстарға жіберілмейді және олар аталған жұмыстарға жатпайтын , басқа жұмысқа ауыстырылуы қажет.

129. Кетіріп-арылтушы медициналық тексеруден 6 айда 1 рет қайта өту керек.

130. Кетіріп-арылтушыларға еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөнінде 3 айда кем дегенде 1 рет қайтадан нұсқамалық өткізіп отыру қажет.

131. Жұмыскерлердің нұсқамалықты қаншалықты білетіндігін сол нұсқамалықты жүргізген адамның өзі тексереді. Нұсқамалықтан өткен, еңбекті қорғау жөнінде қанағаттанарлық білім көрсетпеген адамдар жұмысқа жіберілмейді. Олар қайтадан нұсқамалықтан өтуге міндетті.

11-тарау. Майлаушыларға арналған еңбек қауіпсіздігінің жалпы талаптары

132. Лак және бояу жұмыстарын орындау барысында майлаушыларға мынадай зиянды және қауіпті өндірістік факторлар әсер етуі мүмкін:

- 1) жұмыс аймақтарындағы шаң мен газ деңгейінің жоғары болуы;
- 2) лактардың, бояулардың, еріткіштердің және басқа ЛБМ-дердің құрамына кіретін зиянды химиялық заттар;
- 3) шуыл деңгейінің жоғары болуы;
- 4) ЛБӨ (лак және бояу өнімдерін) жағатын жабдықтар мен қондырғылар вибрациясының аса жоғары болуы;
- 5) ауа температурасының аса жоғары немесе төмен болуы және ауаның ы л ғ а л д ы л ы ғ ы ;
- 6) ауа қозғалысы жылдамдығының аса жоғары болуы;
- 7) сырланып жатқан бұйымдар, жабдықтар мен қондырғылардың бетіндегі температураның аса жоғары болуы;
- 8) сыртқы көздерден қуат алатын электржетегі бар жабдықты пайдалану кезінде электр тізбегі кернеуінің аса жоғары болуы;
- 9) электростатикалық өріс деңгейінің аса жоғары болуы;
- 10) авария туындаған жағдайда от пен оның жалынынан болатын қатер;
- 11) Л Б М - н і ң ш а ш ы р а у ы ;
- 12) мұзданудың, ылғалданудың, ЛБМ төгілуінің салдарынан жер, алаң, жұмыс алаңқайлары, жеңіл сатылар, баспалдақтар, траптар бетінің аса тайғақ б о л у ы ;
- 13) жалпы немесе жергілікті жарықтандырудың болмауы немесе ж е т і с п е у ш і л і г і ;
- 14) жылжымалы шамдалдарды пайдалану кезінде жарықтың аса қатты жарқырауы, тіке көзге түсуі немесе шағылысуы;
- 15) сырланып жатқан заттар бетіндегі және жабдықтардағы үшкір жиектер, жырықтар және кедір-бұдырлар;
- 16) бұзылатын конструкциялар (жеңіл сатылар, траптар және т.б.);
- 17) қолданып отырған жабдықта ақаудың болуы;
- 18) жұмыс орындары мен жұмыс аймақтарының керекті, керекті емес заттардан аяқ алғысыз болуы;
- 19) жұмыс орны мен жұмыс аймағының жердің бетімен салыстырғанда әлдеқайда биікте орналасуы;
- 20) ашық люктарға құлап қалу қаупінің болуы;
- 21) жоғары жақтан бекітілмеген заттардың үстіге құлау қаупінің болуы;
- 22) пульверизатормен ыңғайсыз жерде жұмыс істеу барысында денеге түсетін

статикалық

ауыртпалықтар;

23) өзі қозғалатын және қолмен жылжитын машиналар мен механизмдер;

24) әуе кемесі мен оның агрегаттарының шығыңқы бөліктері;

25) әуе кемесінің, арнайы автокөліктің және жабдықтың жылжымалы бөліктері.

133. ЛБЖ жағуды технологиялық нұсқаулықтарды қатаң сақтай отырып, желдеткіштермен жабдықталған және өрт сөндіру құралдары бар үй-жайларда немесе арнайы ангарларда жүргізу қажет. Лак және бояу жұмыстарын үй-жайда немесе ангарда жүргізіп жатқан кезде, қандай да болмасын басқа жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді. Лак және бояу жұмыстарын жүргізу барысында басқа адамдардың онда болуына жол берілмейді.

134. ЛБӨ-ні жағу кезінде тек жарылыс-өрттен қорғалып жасалған қондырғылар мен жабдықтарды ғана пайдалануға рұқсат беріледі. Әуе кемесінің, оның агрегаттарының, сондай-ақ жабдықтың, қондырғылардың барлық металл бөліктерін жерге қосу қажет, ал жерге қосылмаса лак және бояу жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

135. ЛБМ жұмыстарымен тікелей айналысатын жұмыскерлер жеке қорғау құралдарын (оның ішінде электр өткізгіш аяқ киімдерді және антистатикалық браслеттерді) пайдаланулары қажет.

136. ЛБМ жұмыстарымен айналысатын барлық жұмыскерлер ЛБМ-нан зардап шеккен жағдайда көрсетілетін алғашқы жәрдемнің әдістерін білуге тиіс және оны меңгерген болуы қажет.

137. ЛБМ-мен жұмыс істейтіндер денесі мен киімінде статикалық электр зарядтары жиналып қалмас үшін, уақыт сала отырып (мүмкіндігінше жиірек) өрт қаупі бар органикалық ЛБМ-ға жақын емес жерге қосылған металл заттарға немесе жабдыққа қолдарын тигізу арқылы (қолға арналған жеке қорғау құралдарынсыз) өздерінен статикалық электр зарядтарды арылтып отырулары қажет.

Синтетикалық материалдардан және жібектен жасалған киіммен, сондай-ақ сақинамен және браслетпен ЛБМ-мен жұмыс істеуге жол берілмейді.

138. ЛБМ-мен жұмыс істейтін барлық адамдар еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөніндегі жалпы ережелерді сақтаудан басқа, мынадай жеке сақтық шараларын жасауға міндетті:

1) ЛБМ-мен жұмыстар жүргізілетін үй-жайларда, оның ішінде қойма үй-жайларында тамақты сақтауға және ішуге рұқсат берілмейді;

2) тамақ ішердің алдында арнайы киімді шешіп, қол мен бетті ыстық сумен жуып, ауызды шаю қажет;

3) су (қандай да бір сұйықтық) ішердің немесе темекі шегердің алдында қолды жуып, ауызды шаю қажет.

139. АА ұйымдарының аумақтары мен ғимараттарында темекіні осыған арналған орындарда ғана шегуге болады.

12-тарау. Майлаушыларға арналған жұмысты бастар алдындағы еңбек қауіпсіздігінің талаптары

140. Майлаушыға ЛБӨ жағу бойынша жұмыстарды жүргізуге тапсырма а л ғ а н н а н к е й і н :

1) бүтін арнайы киім, арнайы аяқ киім киіп, басқа жеке қорғау құралдарының болуын және бүтін екендігін тексеріп, браслеттерді, сағатты және басқа металл заттарды шешіп, жабдықтардың, құрал-саймандардың, қондырғылардың ж ұ м ы с ы н т е к с е р у г е ;

2) өрт немесе авария туындаған жағдайда тез эвакуация жасау үшін барлық бөтен заттарды жолдан алып, адамдар жүретін жерлерді босатуға;

3) өрт сөндіру құралдарының (көбікті және көмір қышқылды отсөндіргіштер, құм және т.б.) бар екендігін тексеруге;

4) әуе кемесінде, ангарда және сырлау үй-жайында жарылыстан қауіпсіздендірілген жарықтың бар екендігіне көз жеткізуге;

5) әуе кемесінің, оның агрегаттарының, жабдықтарының, қондырғыларының жерге қосылуын (электрикпен бірге) тексеруге;

6) әуе кемесінде адамдар өте алатын жердің (кем дегенде екі люк) бар екендігіне көз жеткізуге;

7) жеңіл сатылардың, траптардың, баспалдақтардың орнықтылығын және бүтін екендігін, олардың бетінде мұздақтың, ылғалдың, майлардың, лак және бояу материалдарының болмауын тексеруге;

8) ашық люктар қоршауларының бар екендігін тексеруге;

9) сақтық белбеулерінің жарамдылық мерзімін тексеруге;

10) ЛБӨ жағу бойынша жұмыстар жүргізілетін үй-жайда және ангарда басқа жұмыс түрлерінің жүргізіліп жатпағанына көз жеткізуге міндетті.

141. ЛБӨ жағу бойынша жұмыстарды жүргізердің алдында 15 минут бұрын сырлау үй-жайында немесе ангарда желдеткішті қосу керек. Желдеткіш дұрыс істемеген жағдайда ЛБӨ жағуға жол берілмейді.

142. Сырлау үй-жайы ішінде ЛБӨ жағуды гидрофилтрлер іске қосылған жағдайда жүргізу қажет. Олардың дұрыс істемейтіндігі белгілі болған жағдайда сырлау жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

143. Майлаушы жұмыс басталардың алдында жұмысқа бөлінген құрал-сайманның, қондырғының, тетіктің және басқа жабдықтың, сондай-ақ ЛБМ-нің технологиялық нұсқаулыққа сәйкес екендігіне көз жеткізуі қажет. Жұмыс істеу үшін штатта жоқ жабдықты, құрал-сайманды және ЛБМ-ді

қолдануға жол берілмейді.

Жабдықта және құрал-сайманда қандай да болмасын ақау табылған жағдайда, оларды пайдалануға жол берілмейді. Жұмысқа кіріспей тұрып, майлаушы бұл туралы бригадирді немесе цех бастығын (өзінің тікелей бастығын) құлақтандыруы қажет.

144. ЛБӨ жағу бойынша жұмыстарды жүргізердің алдында лак және бояу материалдарын дайындап қою (араластыру, шағын ыдыстарға құю) қажет. Әзірлікті желдеткіші қосылған және өрт сөндіру құралдары бар арнайы үй-жайда жүргізу қажет. Лак және бояу компоненттерін араластыруды және ЛБМ-ді шағын ыдыстарға құюды шашыратпай және төкпей өте абайлап жүргізу қажет. Сонымен бірге ЛБМ құйылған ыдыс жерге қосылған металл табандыққа орнатылуы керек. ЛБӨ жағу бойынша жұмыстар жүргізілетін орынға жабық және таңбаланған ыдыспен ғана дайын болған ЛБМ-ді алып баруға рұқсат беріледі.

13-тарау. Майлаушының жұмыс уақытындағы қауіпсіздік талабы

145. ЛБЖ жағу бойынша жұмыстарды жүргізу барысында сырлаушы технологиялық нұсқаулықтардың сақталуын қадағалауға, оның бұзылуына жол бермеуге міндетті.

146. Процестер барысын бақылайтын приборлар (манометрлер, термометрлер және басқалар) дұрыс істемеген жағдайда ЛБӨ жағуға рұқсат берілмейді. Манометрде пломба болмаған жағдайда ЛБӨ жағу бойынша жұмыстарға кірісуге жол берілмейді.

147. Жұмыс орнында ауысым қажеттілігі мөлшерінен асатын ЛБМ сақтауға рұқсат берілмейді.

148. ЛБМ-нан босаған ыдысты цехтан шығарып, арнайы бөлінген жерде жинау керек.

149. ЛБӨ жағуға арналған әр түрлі механикаландырылған қондырғыларда жұмыс істеген кезде бояу мен ауа қысымының шамасын бақылап отыру қажет. Ысыту бағындағы қысымды белгіленген шекті шамадан (технологиялық нұсқаулық бойынша) артық көтеруге рұқсат берілмейді. Шлангілердің бұратылуына жол беруге, шлангі радиусын 150 мм-ге бұруға, олардың үстін басуға, шлангі детальдарының үшкір жиектерін тиісуге болмайды.

150. Механикаландырылған әдістермен ЛБӨ-ні жағу барысында қысыммен жұмыс істейтін немесе электр қуатын пайдаланатын қондырғыларды қараусыз қалдыруға рұқсат берілмейді.

151. Бояу аэрозолі шашырайтын аймақта тек арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және маска ішіне таза ауа мәжбүрлі берілетін респиратормен немесе шлангілі газқағармен тыныс алу жолдары қорғалған жағдайда ғана жұмыс істеуге болады. Арнайы киімді, арнайы аяқ киімді жеке киімдер мен аяқ киімдерден бөлек арнайы шкафта сақтау қажет. Арнайы киімді, арнайы аяқ киімді зауыттың сыртына шығаруға жол берілмейді.

152. ЛБМ-мен жұмыс істеу барысында темекі шегуге, тамақ ішуге рұқсат берілмейді. Тамақ өнімдерін жұмыс орнында сақтауға жол берілмейді.

153. ЛБМ әсерінен қолдың терісін қорғау үшін бір ауысымда 2-3 рет таза теріге жағылатын, "биологиялық қолғап" деп аталған құрамды пайдалану қажет.

Сонымен қатар, тері ауруларының алдын алу үшін, олардан қорғайтын мазьдар мен пасталарды (дәрігердің ұсынуы бойынша) пайдалану қажет.

154. ЛБМ бар ыдысты екеулеп арнайы зөмбілмен көшіру қажет. ЛБМ бар бөтелкелер мен басқа ыдыстарды арқаға салып тасуға жол берілмейді. ЛБМ бар ыдыстың мықтап жабылғанын бақылау қажет. Планердің ішінде тек қана төгілмейтін ыдысты пайдалануға рұқсат беріледі.

155. Сырланып жатқан көлемі шағын бұйымдарды кептіруді іші жарылу қаупіне әкелетін еріткіш булары концентрациясының жиналуын және үй-жайға ауаның таралуын болдырмайтын желдеткіштермен жабдықталған камерада жүргізу қажет.

156. Сырланып жатқан көлемі үлкен детальдарды және планерді кептіруді желдеткіш істеп тұрған кезде сырлау орындарындағы қалыпты жағдайда жүргізу қажет.

157. Пневматикалық жабдықпен жұмыс істеу барысында сырлаушы оның дұрыс жұмыс істеуін қадағалау керек. Реттелмеген клапандармен жұмыс істеуге жол берілмейді. ЛБӨ жағу барысында пневматикалық құрал-сайманды жөндеуге, реттеуге және оның тетігін ауыстыруға рұқсат берілмейді. Шлангілер мен пневматикалық құрал-сайманды тек қысатын қамыттардың көмегі арқылы ғана қосуға рұқсат беріледі.

158. Жабдықты ЛБМ-нан түсті металдардан жасалған құрал-сайманмен (үшқынның шығуын болдырмас үшін) тазарту керек.

159. Биікте жұмыс істердің алдында жұмысқа басшылық жасаушымен (бригадирмен) бірге жеңіл сатылардың, траптардың, мінбесатылардың, жұмыс алаңқайлары қоршауларының, сүйенбелі сатылардың бүтін екендігін және олардың орнықтылығын тексеру қажет.

160. Әуе кемесі планерінің қаптамасында және басқа биікте орналасқан жұмыс істейтін орындарда ЛБӨ жағу барысында сырлаушы сақтық белбеулерін пайдалануы қажет, сонымен бірге карабиндерді арнайы сақтандыру түйіндері мен тростарына бекіту керек.

161. Биікте жұмыс істеу кезінде құлап қалмас үшін сатылардың, жұмыс алаңқайларының габариттерінен асырып денені шалқайтуға болмайды. Оларға белгіленген нормалардан жоғары салмақ түсіруге болмайды. Биікте пайдаланатын лак және бояу материалдары бар құрал-саймандар мен ыдысты орнықты орнатып, олардың құлауына жол бермеу қажет. Жұмыс жүріп жатқан сәтте пайдаланбайтын құрал-саймандарды өзімен бірге алып жүретін жақсы орнатылған құрал-сайман жәшігінде сақтаған дұрыс. Құрал-саймандар мен ЛБМ бар ыдысты планердің қаптамасына, қоршау жақтауларына, ашық люктардың жанына қоюға жол берілмейді.

162. Сырлаушыға сүйенбелі және борттық сатылар бойынша планер кеңістігінің ішіне лак және бояу жұмыстарын жүргізуге және салмағы 10 кг-дан асатын ЛБМ бар ыдысты көтеруге болмайды.

163. Сырлаушы әуе кемесі ішіндегі жұмыстарды алдын ала тексерілген жарамды жылжымалы (осы мақсатқа арналған) шамдалды пайдаланып жүргізу керек. Өрттің алдын алу мақсатында, сырлаушыға жылжымалы шамдалдарды ұшақтың ішкі жабдығының бетімен және ЛБМ-мен мүмкін болатын тікелей жанасатын орындарға қоюға болмайды.

164. Жарылыс-өрт қауіпсіздігі талаптарына сай емес айқын жылыту көздерін қолданғанда, әуе кемесінде және оған тікелей жақын жерде электр қуаты көздері мен тұтынушыларын өшіріп қосқанда, сондай-ақ өрттің туындауына түрткі болатын ұшқындар пайда болуы мүмкін жұмыстарды жүргізгенде ЛБӨ жағуды қабаттастыруға жол берілмейді.

14-тарау. Авариялық жағдай кезінде сырлаушылардың міндеттері

165. Авария және мүмкін болатын жазатайым оқиға туындаған жағдайда сырлаушы болған оқиға туралы жұмыстарға басшылық жасаушыға (бригадирге), цех бастығына және кәсіпорынның медициналық (санитарлық) бөліміне дереу хабарлап, зардап шеккен адамға алғашқы жәрдем көрсетуі қажет.

166. От пен өрт туындаған жағдайда сырлаушы болған оқиға туралы АА кәсіпорнының (елді мекеннің) өрт сөндіруші командасына және жұмыстарға басшылық жасаушыға (бригадирге) дереу хабарлап және желдеткішті өшіріп, қолдағы бар өрт сөндіру құралдарымен өртті сөндіру жұмыстарына кірісуге міндетті.

167. ЛБӨ жағу кезінде пайдаланылатын пневматикалық және электр қондырғылар дұрыс істемей жұмыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін (сымдардың үзілуі, шлангілердің жұлынуы, тұйықталудың болуы, корпуста кернеудің болуы, жерге қосылудың бұзылуы және басқа) жағдайда сырлаушы жұмысты тоқтатып,

болған оқиға туралы жұмыстарға басшылық жасаушыға (бригадирге) немесе цех бастығына хабарлау керек.

168. ЛБМ құрамына кіретін зиянды заттардың буларымен уланудың белгілері пайда болған жағдайда сырлаушы таза ауаға шығып, жағасы мен белін босатып, кәсіпорынның (елді мекеннің) медициналық (санитарлық) бөліміне дереу қаралуы қажет.

169. Лак және бояу материалдары тері мен көзге тиген жағдайда дереу судың қатты ағынына жуып, ас содасының 2 % ерітіндісімен шайып тастау керек.

170. Арнай киімі тұтанынып және оны бірден сөндіру мүмкін болмаған жағдайда сырлаушы үстіндегі тұтанған киімді дереу шешіп тастауы қажет.

15-тарау. Жұмыс аяқталғаннан кейін майлаушыларға арналған еңбек қауіпсіздігінің талаптары

171. Күніге ЛБЖ (лак-бояу жұмыстары) аяқталған соң үй-жай мен жабдықты ылғалдап, қажет болған жағдайда арнайы жуғыш заттарды пайдалана отырып жинап-тазалау қажет.

172. Бояу бүріккіштерді және шлангілерді әрбір ауысымның соңында ЛБМ-нан тазалап жуу қажет. Сырлау камераларын аптасына бір рет тазалау (желдеткішті қоса отырып) қажет. Гидрофилтр ванналарын бояудың жиналуына байланысты тазалап отырады, дегенмен аптасына кем дегенде бір рет тұнып қалған бояудан тазалап отыру қажет және ауысымда кем дегенде бір рет судың бетінде қалқып жүрген бояуларды тазалау керек.

173. ЛБМ төгілген жерге бірден құм немесе ағаш үгінділерін төгіп, сонан кейін ағаш күрекпен ол жерді жинап алу керек. Ластанған жерді тығыз ауамен үрлеп, төгілген ағаш үгінділері мен құмды металл жәшікке жинау қажет.

174. ЛБМ қалдықтарын қоймаға (ЛБМ босатылатын жерге) өткізу қажет. Әрбір ауысымның аяғында пайдаланылған барлық құрал-саймандар жуып-тазаланып, құрал-саймандар тұратын жерге жиналуы керек.

175. Лак-бояу жұмыстарын аяқтап және жұмыс орнын тәртіпке келтірген соң желдеткішті өшіріп, барлық жабдықтарды тоқтан ажыратып, үй-жай күйін өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін тексеріп, терезелерді жауып, жарықты сөндіру қажет.

176. Сырлаушы жабдықтың, құрал-сайманның, шамдалдардың және басқа керек-жарактың жарамсыз екендігін байқаса, ол туралы жұмыстарға басшылық жасаушыға (бригадирге) хабарлау керек.

177. Сырлаушы жұмыс аяқталған соң арнайы киімді ЛБМ-нан тазартып, оны арнайы киім сақтайтын орынға қоюы қажет. Былғанған киімді кір жуатын жерге өткізу қажет.

- 10) жұмыс аймағында жарықтың жеткіліксіз болуы;
- 11) жұмыс аймағының жермен салыстырғанда едәуір биікте орналасуы;
- 12) шайғыштар мен еріткіштердің шашырауы;
- 13) ыңғайсыз жерде жұмыс істеу барысында денеге түсетін физикалық және статикалық ауыртпалықтар;
- 14) әуе кемесі мен оның жабдығының шығыңқы бөліктері; жарылыс пен өрт.

184. Кетіріп-арылтушылар Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау туралы заңнамасында көзделген, сондай-ақ жеке еңбек және ұжымдық шарттардың талаптарына сай арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және жеке қорғау құралдарымен тегін қамтамасыз етіледі.

Кетіріп-арылтушының арнайы киімі, арнайы аяқ киімі жөнделмеген және былғанған болса және ол көздерін, қолдарын, тыныс алу жолдарын қорғайтын жеке қорғау құралдарынсыз болса, антиэлектростатикалық сақиналары немесе браслеттері жарамсыз күйде болса жұмысқа жіберілмейді. Аяқ киімінің табанында шығып тұрған болат шегелер мен нәлдер болмауы керек. Арнайы киімі (оның ішінде іш киімі де) тек мақта матасынан тоқылған болуы қажет.

185. Кетіру-арылту жұмыстарын орындау барысында жабдықтар мен жарақтардың, оның ішінде жұмыс жүргізіліп жатқан әуе кемесі детальдарының барлық металл бөліктері жерге қосылып, ал құрал-сайман таңбалануы қажет. Тез тұтанатын сұйықтықтармен жұмыс істеу кезінде қолданылатын ванналар, үстелдер және басқа жабдықтар жерге қосылған болуы қажет.

Электр шаруашылығына жауапты адам белгілеген мерзім аралығында олардың жерге дұрыс қосылғандығын тексеріп отыру қажет.

186. Кетіріп-арылтушының өзіне және басқаларға алғашқы медициналық жәрдемді көрсете білуі қажет. Өзінің ауырып тұрғанын сезсе немесе жарақат алса, бұл туралы өзінің тікелей бастығына дереу хабарлап, АА ұйымының медициналық (санитарлық) бөліміне келуі немесе хабарласуы қажет.

Шайғыштар мен еріткіштердің буларына уланудың белгілері:

мас болған адам сияқты күй кешу;

б а с т ы ң а й н а л у ы ;

б а с т ы ң а у р у ы ;

д е м ж е т п е у ;

к ө з д е н ж а с а ғ у ;

жүректің айнуы.

187. Кетіріп-арылтушы әуе кемесіндегі жұмыстарды өрт сөндіру құралдары және өрт қорғау қызметкері болғанда ғана жүргізу керек.

17-тарау. Кетіріп-арылтушыларға арналған жұмыс басталардың алдындағы еңбек қауіпсіздігінің талаптары

188. Кетіріп-арылтушы жұмыс орнына арнайы киімді, арнайы аяқ киімді киіп және қол, көз, тыныс алу жолдарын қорғайтын құралдармен, антиэлектростатикалық браcлетпен немесе сақинамен келуі қажет, сондай-ақ сағат, сақина, браcлет сияқты статикалық электр қуатын жақсы жинағыштарды тақпауы қажет. Әуе кемесінің көлемі шағын болып келетін тұйық кеңістігінде жұмыс жүргізу кезінде тыныс алу жолдарын қорғайтын ауа сүзгіш респираторларды немесе газқағарларды пайдалану қажет.

189. Кетіріп-арылтушының жұмыстарды орындауға тапсырма алғаннан кейін:

1) әуе кемесі кетіру-арылту жұмыстарына толық дайын екендігіне: жерге қосу құрылғысының, жарылыстан қауіпсіздендірілген жарықтың болуына, өтетін жолдардың босатылуына (әуе кемесінің кем дегенде 2 люгы);

2) кетіру-арылту жұмыстары жүргізіліп жатқан үй-жайда істеп тұрған электр машиналардың, аппараттардың және аспаптардың болмауына;

3) тез тұтанатын сұйықтықтармен жұмыс істеу кезінде пайдаланылатын ванналар, үстелдер, арбалар және басқа жабдықтар жерге қосылып тұрғанына; жуылып жатқан детальдар оларға бекітілген және икемді сыммен жерге қосу сымна қосылған пружиналық қысқыштың көмегі арқылы жерге қосылып тұрғанына;

4) өрт сөндіру құралдарының: көбікті және көмір қышқылды отсөндіргіштерінің бар екендігіне;

5) док жеңіл сатысының жарамды, орнықты және майлардан, басқа жанар жағармай заттарынан таза екендігіне;

6) металл (титан, алюминий) қырнауыштардың қайралғанына;

7) жұмыс учаскесінің тіреу белгі қоршауы кем дегенде 0,8 метр және олардың арасында тартылған кендір немесе капрон арқаны бар екендігіне; тіреулер ара қашықтығының 6 метрден аспауына көз жеткізуі қажет.

190. Кетіріп-арылтушы өзінің жұмыс орнын дайындауы: таңбаланған құрал-сайманды жайып қоюы, бөтен заттарды алып тастауы, өтетін жерлерді босатуы, еріткіштерді жабық ыдыста әкеліп, желдеткішті қосуы қажет.

191. Әуе кемесінің ішінде жұмыс істеу үшін, кетіріп-арылтушы жарамды, жарылыстан қорғалған және қуат беру кабелінің сыртқы қабығында еш механикалық зақымы жоқ шамдалды алуы керек.

18-тарау. Кетіріп-арылтушыларға арналған жұмыс уақытындағы еңбек қауіпсіздігінің талаптары

192. Кетіріп-арылту жұмыстарының технологиялық режимін кетіріп-арылтушының сақтауы қажет.

193. Кетіріп-арылтушының тек кетіру-арылту жұмыстарының технологиясында аталған еріткіштерді, шайғыштарды және құрал-саймандарды қолдануы қажет. Ұшқынның шығуына әкелетін болат қырнауыштарды, синтетикалық капрон бояу жаққыштарды, щеткаларды пайдалануға жол берілмейді.

194. Әуе кемесінде жұмыс істеу кезінде жарамды қосымша құралдардың (жеңіл сатылардың, баспалдақтардың, доктардың) айтарлықтай сыртқы зақымы жоғын пайдалану қажет. Қосымша құралдар белгілі бір мерзім аралығында сынақтан өткізіліп тұрады.

195. Әуе кемесінің жермен (еденмен) салыстырғанда жоғарыда орналасқан бөліктерінде жұмыс істеген кезде сақтандыру арқандарына ілінетін сақтық белбеулерін пайдалану қажет.

196. Бір вертикаль бойынша түрлі қабаттарда бір мезгілде кетіріп-арылтушылардың жұмыс істеуін мүмкіндігінше болдырмау керек.

Жоғарыда және төменде жұмыс істеп жатқандарды өздерінің үстінде және астында болып жатқан барлық жұмыстар туралы ескертіп қою қажет.

197. Ұшақтардың ішінде шайғыштарды, еріткіштерді пайдалана отырып бір мезгілде жұмыстар жүргізудің шекті аймағы $1,0 \text{ м}^2$. Өңделіп жатқан аймақтардың ара қашықтығы кем дегенде 5 метр болуы қажет.

198. Кетіріп-арылтушы докта, ангарда және әуе кемесінің салондарында жүрген кезде мұқият болуға, асықпай, аяғының астына қарап, ашық люктардан сақтанып отыруға, тұрақты жұмыстарға арналмаған, яғни бекітілмеген алаңқайлармен жүрмеуге, бөгде істермен, әңгімелермен өзінің де және басқалардың да уақытын алмауға міндетті.

Ашық люк қоршалған болуы қажет. Люкта жұмыс істегеннен кейін оның аузын дереу жауып қою керек.

199. Кетіріп-арылтушы жерге қосылу құрылғысының дұрыс жұмыс істеуіне:

- 1) тоқты аластататын тростардың (металл тростардың) үзіліп кетпеуіне;
- 2) жерге қосылу құрылғысына дәнекерленген жерлердің сынып қалмауына;
- 3) жылжымалы жерге қосылу құрылғыларын оларға хабарламастан бір жерден екінші жерге алынып орнатылмауына бақылау жасауға міндетті.

200. Участкеде, сонымен бірге фюзеляждың ішінде (жүксалғыш, ұшқыштың кабинасы) шайғыштармен және еріткіштермен жұмыс істеу кезінде бір мезгілде кем дегенде 2 адам болуы қажет.

201. Сақтау және жұмыс орындарында шайғыштар мен еріткіштер сақталатын ыдыс жарамды, мықты жабылған, шағылмайтын және таңбаланған болуы қажет.

202. Шайғыштар мен еріткіштерді шағын ыдыстарға құюды желдеткішпен және борты бар алюминийден жасалған табандықтары жерге қосылып жабдықталған арнайы орындарда жүргізу қажет.

203. Әуе кемесінің бетіне кетіру-арылту жұмыстарын жүргізген кезде әрбір кетіріп-арылтушының жұмыс орнында шайғыштар мен еріткіштердің мөлшері 5 литрдан, ал фюзеляждың ішінде жұмыс жүргізгенде 2 литрдан аспауға тиіс.

ЛБЖ-ны кетіру-арылту учаскесінде барлық шайғыштар мен еріткіштердің мөлшері 4 сағаттық жұмысқа жететін қажеттен аспауы тиіс.

204. Ыдысты, жұмыс ыдыстарын және құрал-саймандарды тек ауаны тартып-шығаратын желдеткіштермен жабдықталған арнайы орындарда ғана тазартып жууға болады.

205. Тез тұтанатын және улы сұйықтықтармен жүргізілетін барлық жұмыстар кезінде кетіріп-арылтушы сұйықтықтардың еденге, арнайы киімге, жабдыққа шашырауын немесе төгілуін болдырмай, олармен мұқият, сақ болуы қажет.

206. Еденге төгілген шайғыштар мен еріткіштердің бетіне құм немесе ағаш үгінділерін төгіп, ағаш күрекпен оларды металл жәшікке жинап салып, былғанған жерді жоғары қысымды ауамен үрлеп жіберу керек.

207. Тез тұтанатын сұйықтықтары бар нүктелер мен басқа ыдыстарды тек түсті металдардан жасалған арнайы құрал-сайманмен ғана ашуға болады.

208. Детальдар жуылатын ванналарды жабық ыдыстардан құйып толтыру қажет. Жұмыстар аяқталған соң еріткіштерді ваннадан төгіп тастау керек.

209. Сүртуге пайдаланылған материалды қақпағы бар металл жәшіктерге жинастырып, сонда сақтау керек және ауысымда кем дегенде 2 рет өрт күзетінің нұсқауы бойынша арнайы бөлінген жерге шығару қажет.

210. Жылжымалы электр шамдалын пайдалану барысында сымды немесе кабельді мүмкіндігінше іліп қою қажет. Сымның немесе кабельдің ылғалды және майлы металл беттерімен немесе заттармен тікелей жанасуына жол берілмейді. Жылжымалы электр шамдалында қандай да бір ақау табылған жағдайда онымен жұмыс істеуді бірден тоқтату керек.

211. Детальдарды сүйек үгінділерімен тазалайтын аппаратта жұмыс істеген кезде кетіріп-арылтушы жұмысқа кіріспестен бұрын, байқау терезесінің, желдеткіштің және аппарат ішіндегі жасанды жарықтың дұрыс істеп тұрғандығын тексеруге міндетті.

212. Бөгде адамдардың, сондай-ақ кетіру-арылту жұмыстарына тікелей қатыспайтын жұмыскерлердің кетіру-арылту учаскелерінде болуына жол берілмейді.

19-тарау. Кетіріп-арылтушыларға арналған авариялық жағдайлар кезіндегі еңбек қауіпсіздігінің талаптары

213. Әрбір жазатайым оқиға жайлы кетіріп-арылтушы мастерге (бригадирге), цех бастығына немесе цех басшысына, АА ұйымының медициналық (санитарлық) бөліміне (денсаулық сақтау пунктіне) хабарлай отырып, зардап шегушіге алғашқы медициналық жәрдем көрсетуі қажет.

Сонымен бірге, егер жұмыс орнындағы жабдықтың күйі айналадағы адамдардың өміріне және денсаулығына қауіпті болмаса және аварияның туындауына қауіп төндірмесе, ол жерді оқиға болған сәтте қандай болды, сондай етіп тергеуге дейін тимей қалдыру керек.

214. Өрттің шыққандығы анықталған жағдайда кетіріп-арылтушы дереу АА ұйымының (елді мекеннің) өрт сөндіру командасына хабарлап, қолдағы бар өрт сөндіру құралдарымен өрт сөндіруге кірісуі қажет.

215. Бояулар мен лактарды кетіру-арылту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқан үй-жайда слесарлық немесе электр жөндеу жұмыстарын жүргізуге қажеттілік туындаған жағдайда, бұл жұмыстар тек цех бастығының рұқсаты арқылы ғана мастердің (бригадирдің) және өрт күзеті қызметкерінің қатысуымен жүргізіледі.

216. Жұмыс істеуге қауіп төндіретін электр жабдығының дұрыс істемейтіндігі (сымдардың үзілуі, жерде тұйықталудың болуы, корпуста кернеудің болуы және т.б.) анықталған жағдайда кетіріп-арылтушы жұмысты тоқтатып, бұл туралы мастерге (бригадирге) немесе цех бастығына (тікелей бастығына) хабарлауы қажет.

217. Желдеткіштің дұрыс істемейтіндігі анықталған жағдайда кетіріп-арылтушы жұмысты тоқтатып, бұл туралы мастерге (бригадирге) немесе цех бастығына (тікелей бастығына) хабарлауы қажет.

218. Шайғыштар мен еріткіштердің құрамына кіретін, зиянды заттардың буларымен уланудың белгілері анықталған жағдайда кетіріп-арылтушы таза ауаға шығып, жағасы мен белін ағытып, ыстық шай немесе кофе ішуі керек.

Еріткіш организмге түскен жағдайда оған дауа ретінде өсімдік майын қ а б ы л д а у ұ с ы н ы л а д ы .

Шайғыштар мен еріткіштер теріге немесе көзге түскен жағдайда, оларды дереу судың қатты ағынымен жуып тастап, ас содасының 2 пайыз ерітіндісімен шаю қажет.

20-тарау. Кетіріп-арылтушыларға арналған жұмыс аяқталғаннан кейінгі еңбек қауіпсіздігінің талаптары

219. Жұмыс аяқталғаннан кейін кетіріп-арылтушы құрал-сайманды жинауы қажет. Оның дұрыс істемейтіндігі анықталса оны жөндеуге немесе қайрауға өткізуі қажет. Жарамды құрал-сайман тазаланып, құрал-саймандарға арналған үй-жайға жинастырылады.

220. Шайғыштар мен еріткіштердің қалдығын қоймаға, ал тасымалы қол шамдалын мастерге (бригадирге) өткізу қажет.

221. Сүртуге пайдаланылған материалды арнайы металл жәшікке жинастыру қажет.

222. Ауаны тартып-шығаратын желдеткіш жұмыс аяқталғаннан кейін 15 минуттан соң өшірілу керек.

223. Арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және басқа жеке қорғау құралдарын шешіп, шкафқа қою қажет.

224. Қолды сабынмен жылы суға жуып, спиртглицерин қоспасымен, глицеринмен немесе вазелинмен сүрту қажет.

225. Еденді сулап сүртіп шығу қажет. Еденді жуардың алдында еденге құлаған гайкаларды, шайбаларды және басқа металл заттарды жинап алу қажет. Олар кездейсоқ ұшқын шығаруы мүмкін. Бұл мақсаттарға өртенуге бейім органикалық еріткіштерді пайдалануға болмайды.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
Азаматтық авиация комитеті
төрағасының 2004 жылғы
15 қарашадағы N 220 бұйрығымен
азаматтық авиация ұйымдарында
Лак-бояу материалдарымен жұмыс
істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі
мен өндірістік санитарияны
камтамасыз ету жөніндегі

ережеге 1-қосымша

Лак-бояу материалдармен уланған және зақымданған жағдайда тән белгілері мен алғашқы көмек көрсету жөніндегі шаралар

Лак-бояу материалдары		Улану және зақымдану белгілері		Алғашқы жәрдем
-----------------------	--	--------------------------------	--	----------------

Ацетон	Теріге тиген кезде - жәй ғана қызарады, ЛБМ буын және аэрозолын иістенген кезде -	Теріні құрғақ мақта тығынымен сүртіп, бірден сабынмен жуу керек.
--------	---	--

	бас айналады, жоғарғы тыныс жолдары тітіркенеді, жөте- леді, көзінен жас ағады, күрделі жағдайларда - локсиды, күсады, асқазан көзге түссе - күйдіреді. мөлшерімен жуады.	Таза ауаға шығарады, жылы жабады, мүсәтір спиртін иіскетеді. Кофе, шәй, валериан тамшысын ауырады, береді. Көзді судың көп
Бутилацетат	Теріге тигенде - қызарып, күйеді, иістенген кезде - жөтеледі, локсиды, бас айналады. Көзге түскен кезде - көз жасаурап, ауырады. ұзағырақ жуады.	Теріні құрғақ мақта тығынмен сүртіп, бірден сабынмен жуу керек. Таза ауаға шығару керек, қиын жағдайда - жасанды демалдыру керек. Көзді
Бензин	Иістенген кезде - бас айналады, бас ауырады. Жоғарғы концентрация кезінде кофе береді. Қатты - қозу, мас болу, дем алуы бұзылады, есінен тану мүмкін. Ішке түскен кезде - іш ауырады, күсады. Көзге тисе - ауырады, күйдіреді. содасымен жуу керек.	Таза ауаға шығарып, валериан тамшысын, шәй, уланған жағдайда - жасанды демалдырады. Асқазанды сумен жуып, активирлі көмір беру керек. Көзді 2% ас
Гексаметилендиамин	Жоғарғы концентрациялы бумен тістенген кезде - бас ауыра- ды, бас айналады, жүрек жақ ауырады. Ішке түскен жағ- дайда - іші ауырады, лок- сиды. Көзге түскен кезде - ауырады, күйдіреді.	Таза ауаға жылы киіндіре шығарып, мүсәтір спиртін иіскетеді. Асқазанды сумен жуып, активирлі көмір беру керек. Көзді ұзақ жуып, альбуцид тамызады. Барлық жағдайларда да - дәрігерге жіберіледі.
Гидропероксид	Теріге тиген кезде - қызарып, тітіркенеді. Көзге тиген кезде, өте қатты ауырады. көріну керек.	Теріні тампонмен сүртіп, сабынмен жақсылап жуады. Көзді жақысылап жуып, бірден көз дәрігеріне
Дибутилфталат	Теріге тиген кезде - қызарып, тітіркенеді. Көзге	Теріні тампонмен сүртіп, сабынмен жақсылап жуады.

	тиген кезде - қызарып, тітіркенеді.	Көзді 2 % асодасы ертіндісімен жуады.
Диэтиленгли- коль	Буына иістенген кезде - қозу, қозғалу белсенділігі арытады, көп мөлшердегі концентрация кезінде - алуы қиындап, тырысып қалады. Ішке түскен кезде - жүрек айнып, құсады. Көзге түскен кезде - күй- діріп, қатты ауырады. Теріге тиген кезде - күй- діріп, ауырытып, ісіп кетеді.	Таза ауаға жылы киіндіре шығарып, валериан тамшысын береді. Қиын тыныс жағдайда - жасанды демалдыру, кислород. Дәрігер шақырту. Асқазанды жуып, белсен- дірілген көмір береді. Көзді 2 % ас содасы ертіндісімен жуады, альбуцид тамызады. Көз дәрігеріне жіберіледі. Теріні тампонмен сүртіп сабынмен жақсылап жуады.
Қорғасынды крон	Тозаңы көзге және теріге тисе - тітіркеніп, қызарады. жуады.	Теріні сабынмен жақсылап жуады, көзді сумен ұзақ жуады.
Мырыштыкрон Таскөмір кислолы	Бұл да сондай Иістенген жағдайда - әлсіз- дік, бас айналады. Асқынған кезде - дем алыс тоқтайды, есінен танады, мұрыннан қан ағады. Теріге немесе көзге тиген жағдайда - қызарып, тітіркенеді	Бұл да сондай Жылы киіндіріп, таза ауаға шығарылады, валериан тамшысын береді. Қиын жағдайда - қолмен жасанды дем алады, оттегін береді. Дәрігер шақырту керек. Теріні жақсылап жуады. Көзді 2 % ас содасының ерітіндісімен жуады.
Құрама сырмай	Теріге тиген кезде - кішкене қызарады	Теріні құрғақ мақтамен сүртіп алып, сумен жақсылап жуады. Көзді жақсылап сумен немесе 2 % ас содасының ерітіндісімен жуады
Скипидар	Теріге тиген кезде - күйіп, қызарып. Көзге тиген кезде - қатты	Теріні сумен жақсылап жуады. Көзді 2 % асодасының

	ауырады.	ерітіндісімен жуады және
	Иістенген кезде - жөтеліп,	көз дәрігеріне көріну
	тұншығады.	керек.
Сольвент	Иістенген кезде - жөтеледі,	Жылы киіндіріп, таза
	локсиды, бас айналады.	ауаға шығарады, валериан
	Асқынған жағдайда - құсады,	тамшысын береді.
	дем алысы бұзылады, есінен	Асқынған жағдайда -
	танып қалуы мүмкін.	қолмен жасанды
	Теріге тиген кезде -	демалдырады, оттегі
	қызарып, күйдіргендей	беріледі.
	болады.	Мақтамен сүртіп, сабынды
		сумен жақсылап жуады.
		Көзді де сумен жақсылап
		жуып, альбуцид тамызады.
Бутил спирті;	Көп мөлшерлі концентрацияда	Таза ауаға шығарып, ащы
араластырғыш:	иістенген кезде - жөтел,	шәй, кофе береді.
Р-6, РКБ-1,	жүрек айну, құсу, көзден	Асқынған жағдайда -
РЭ-8, РЭ-1В;	жас ағу. Көру функциялары-	жасанды демалдырады.
Қоспалар:	ның бұзылуы. Асқынған жағ-	3 % бор қышқылының
Бутил спирті	дайда - дем алысы бұзылады,	ерітіндісімен жуады.
- ксилол;	есінен танады.	Көзге түскен
изопропиль	жағдайда - қатты ауырады,	
спирті; ГФР	көзден жас ағады, ісиді.	
еріткіші	Теріге тиген кезде - жеңіл	
	тітіркенеді, қызарады.	
	Ішке түссе - іш құрылыс	
	ауырып, локсиды, құсады.	
Этил спирті	Көп мөлшерлі концентрацияда	Таза ауаға шығарып,
	иіс тиген кезде - бас ауы-	мүсәтір спиртін
	рады, мас болғандық сезі-	иіскетеді. Асқазанды
	леді. Ішке түскен кезде -	сумен жуып, белсенді
	козады; локсиды, құсады.	көмір беріледі. Асқынған
	Асқынған жағдайда - жәй	кезде жасанды дем
	демалады, суық тер шығып,	алдырады.
	ерін көбіктеніп, есінен	
	танады.	
Стиро	Шекті концентрациядан асқан	Теріге түссе сабынмен
	жағдайда дем алған кезде	жақсылап жуады.
	жөтел тудырады, теріге	Көзді де сумен жақсылап

немесе шырышты қабыққа жуып, альбуцид тамызады.
түссе - тітіркендіреді.

Тэтраэток- Шекті концентрациядан асқан Таза ауға шығарады.
силан жағдайда иістенген кезде - Құрғақ мақтаменен
жөтеледі, дем алуы сүртіп, сумен жақсылап
қиындайды. жуады.
Теріге тиген кезде - жәй
ғана қызарады.

Диоксидті Құрамында титан диоксиді Таза ауаға шығарып,
титан бар аэрозольді иіскегенде - антидот металын
тамақ жыбырлап, жөтеледі. береді.
Теріге тиген кезде - жәй Мақта тығынымен сүртіп,
ғана тітіркенеді. сабынмен жақсылап
Көзге тисе - күйген жуады.
сияқты болады. Көзді сумен жуып, бірден
дәрігерге көріну керек.

Толуол; Буынмен иістенген кезде - Таза ауаға шығарып,
еріткіштер; бас ауырып, мас болғандай мүсәтір спиртін
Р-4, Р-12, күйде болады, жүрек айнып, иіскетеді, ащы шәй
Р-40, N 645, құсады. ПДК көрсеткішінен немесе кофе беріледі.
N646, N 648; концентрациясы көп болған Қажетті жағдайда жасанды
Қоспалар: бумен дем алған кезде дем алдырады.
толуол- есінен танып, сіреспе Құрғақ мақтамен сүртіп
бензин; болады. сабынмен жақсылап жуады.
толуол Теріге тиген кезде - күйіп, Көзді 3 % ас содасының
-этил пирті ауыртады. Көзге тиген кезде ерітіндісімен жуу керек.
- жас ағады, қатты ауырады.

Трикрези- Құрамында трикрезифосфат Жылы киіндіріп, таза
фосфат бар бумен иістенген жағдайда ауаға шығарып жедел
бас айналып, сіресіп медицина көмегін шақырту
қалады, есінен тану мүмкін керек.
Теріге тиген кезде
құрғақ мақтамен сүртіп,
сабынды сумен жақсылап
жуу керек.
Көзді де сумен жақсылап
жуып, бірден көз
дәрігеріне көріну керек.

Уайт-спирит	Буынан иістенген жағдайда - бас айналып, бас ауырады. Ауыр жағдайда есінен танып қалуы мүмкін. Көзге тиген жағдайда - қатты ауыртып, көз жасаурайды. Теріге тиген кезде - жәй ғана тітіркенеді.	- Жылы киіндіріп, таза ауаға шығарады, валериан тамшысын береді, ащы шәй немесе кофе ішкізеді. Көзді сумен жақсылап жуып альбуцид тамызады. Мақтамен сүртіп, сабынмен жуады.
Фенол	Буына иістенген жағдайда - бас айналып, бас ауырады, құлақ шуылдайды. Ішке түссе - ішті ауыртып, лоқсиды, құсады, сіресіп қалу мүмкін. Теріге тиген кезде - қызарып, қышиды, сияқты болады. Көзге тиген кезде - қатты ауырып, жасаурайды, қызарады.	- Таза ауаға шығарып, қажет болса жасанды дем алдыру жасалады. Асқазанды жылы тұзды сумен жуу керек (1 л суға 30 г. тұз). Теріні жақсылап сабынмен жуады. Көзді сумен жақсылап жуып, бірден көз дәрігеріне көріну керек.
Формальдегид	Буына иістенген жағдайда - жөтеледі, бас айналып, тұншығады. Ішке түссе - ішті ауыртып, құсады. Теріге тиген кезде - қызарып, қышыйды. Көзге тиген кезде - қатты ауырып, жасаурайды, ісіп кетеді.	- Таза ауаға шығарып, асқазанды жылы сумен жуу керек, белсендірілген көмір беріледі. Көзді, тиген жерді сумен жақсылап жуып, бірден көз дәрігеріне көріну керек.
Хром оксиді	Аэрозолымен дем алған кезде - жөтеледі. Көзге түскен кезде - қызарады,	Таза ауаға шығарып, антидот металын беру керек. Мақтамен сүртіп, сабынмен жуады. Көзді сумен ұзағырақ шаюу керек.
Циклогесанан; еріткіштері: P-219,P-1176;	Жоғарғы концентрациядағы бумен иістенсе - жөтеледі, лоқсиды.	Таза ауаға шығарады. Сумен жақсылап шайып, сабындап жуады.
Қатайтқыш	Теріге тиген кезде -	Көзді 3 % бор қышқылының

В-1	тітіркеніп, қызарады.	ерітіндісімен жуу керек.
	Көзге тиген кезде -	
	қызарып, күйдіреді.	
Эпихлор- гидрин	Буына иістенген кезде - тамақ қырнап, дем алысы қиындайды. Теріге тиген кезде - қатты тітіркеніп, қызарады. Ішке түскен кезде - іш ауырып, құсады. Көзге түскен кезде - қатты ауыртып, қызарып кетеді,	Таза ауаға шығарады. Сумен жақсылап шайып, сабындап жуады. Асқазанды жылы сумен жуып, белсендірілген көмірді беру керек. Көзді сумен жақсылап жуып, бірден көз дәрігеріне көріну керек
	іседі.	
Этилацетат	Буына иістенген кезде - жөтеледі, көз жасаурайды. Көзге тиген кезде - қатты ауырып, ісіп кетеді. Теріге тиген жағдайда - қызарып, жәй ғана қышиды.	Таза ауаға шығарып, мүсәтір спиртінің иіскетеді. Жақсылап сабынмен жуу керек. Көзді 2 % ас содасының ерітіндісімен жуып, көз дәрігеріне көріну керек. Сумен жақсылап жуу керек.
Этилцелло- зольв; еріткіштер: РЭ-60, РЭ-198, N649; сұйылтқыш: РЭ-2В, РЭ-3В, РЭ-4В, РЭ-11В;	Буына иістенген кезде - көз жасаурайды, бас ауырады, мас болғандай болады. Ішке түскен кезде - бас ауырады, дем алысы қиындай- ды, сіресіп қалады. Қиын кезде - есінен танып қалады. Көзге түскен кезде - қатты ауырып,	Таза ауаға шығарады. Асқазанды 2 % ас содасының ерітіндісімен сумен жуып, белсенді- рілген көмірді беру керек, жылы киіндіреді. Көзді 2 % ас содасының ерітіндісімен сумен жуады. қызарып кетеді.

Қ о с п а л а р :

э т и л л з о л ь в -

а ц е т о н ;

э т и л л о з о л ь в -

а ц е т о н

к с и л о л ;

Э Т И Л О З О Л Ь В -

а ц е т о н

-

т о л у о л

-

ц и к л о г е к с а -

н о н ;

Э Т И Л О З О Л Ь В -

а ц е т о н -

б у т и -

л а ц е т а т

-

к с и л о л ;

Э Т И Л О З О Л Ь В -

к с и л о л ;

қ а т а й қ ы ш т а р :

№ 2 ,

№ 3 ,

№ 4 ,

№5

Толуилен-

диизоцианат-

катайтқыштың
құрамдас

бөлігі:

полиизоциан.

нурат,

эптур

Теріге тиген кезде - қатты
тітіркеніп, қызарады;

сезіну қабілеті күшейеді.

Көзге тиген кезде - қабыр-
шық қатты тітіркеніп,

қызарып кетеді.

Иістенген кезде - жоғарғы
және төменгі тыныс алу

жолдары қатты тітіркенеді,
кеуде қысылып, демікпе
пайда болады.

Жылы сумен сабындап
жуып, зақымданған жерді

этил немесе изопропилді

спиртімен сүртіп
қайтадан сумен жуу

керек.

Сумен жақсылап жуып,
өсімдік майын жағып,

дәрігерге апарды.

Зақымданушыны таза ауаға
шығарады да, дәрігерге

а п а р а д ы .

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникация министрлігі
Азаматтық авиация комитеті
төрағасының 2004 жылғы
15 қарашадағы № 220 бұйрығымен
азаматтық авиация ұйымдарында
Лак-бояу материалдарымен жұмыс
істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі
мен өндірістік санитарияны
қамтамасыз ету жөніндегі

ережеге 2-қосымша

**Лак-бояу материалдарымен жұмыс кезіндегі алғашқы
жәрдем көрсетуге арналған дәрі қобдишасының
үлгі құрамы**

А т а у ы	С а н ы
Натрия альбуциді (30% ерітінді)	5 шиша
Ағылшын тұзы	200 г
Метал антидоты	500 мл
Дәке (стерильді) 100 мм х 5 м	5 дана
Бор қышқылы (3% ерітінді)	200 мл
Стерильді (хирургиялық) мақта	200 г
Көз былауы	1 дана
Глаубер тұзы	200 г
Йод, спиртті ерітінді	2 шиша
Кордиамин	2 шиша
Вишневск майы	100 г
Марганцеқышқылды калий	1-г
Мензурка (дәрі беруге арналған)	1 шт
Валериан тұнбасы	5 шиша
Қоскөмірқышқыл натры (ас содасы)	150 г
Мүсәтір спирті ампулада	10 ампул
Сутегі перекисі (3% ерітінді)	50 г
Көз тамшуыры	10 дана
Этил спирті (76% ерітінді)	200 г
Термометр	1 дана
Белсендірілген көмір (асқазанды жууға арналған)	200 г

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникация министрлігі
Азаматтық авиация комитеті
төрағасының 2004 жылғы
15 қарашадағы N 220 бұйрығымен
азаматтық авиация ұйымдарында
Лак-бояу материалдарымен жұмыс
істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі
мен өндірістік санитарияны
қамтамасыз ету жөніндегі

Қолмен бояу әдісі кезінде шығарылатын
ауаның мөлшері, м³ /с м²

Лак-бояу материалдарының қауіптілік класы	Бояу әдісі	Камераны желдету	Еден торы		
			Ашық ойық арқылы көлденең арқылы тіке	Камера еденінің ауданы	
12-34	Пневматикалық тозаңдану	4700	2200	-	
	2500 1800 2200	3600	2200	2500	
12-34	Ауасыз тозаңдану	2500	1500	-	
	2200 1230 1350	2500	1500	1700	
1-41-4	Электростатикалық, пневмоэлектроста-	1800	-	900	
	тозаңдану	1540	-	1100	
1-4	Электростатикалық	1800	-	-	
		алаңда ұнтақ материалдармен тозаңдандыру			

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
Азаматтық авиация комитеті
төрағасының 2004 жылғы
15 қарашадағы N 220 бұйрығымен
азаматтық авиация ұйымдарында
Лак-бояу материалдарымен жұмыс
істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі
мен өндірістік санитарияны
қамтамасыз ету жөніндегі

ережеге 4-қосымша

Сырлау жұмысын орындауға арналған кіру наряды

(кәсіпорын, ұйымның атауы)

" Б Е К І Т Е М І Н "
Кәсіпорын, ұйымның
басшысы (қызмет)

200_ж. " __ " _____

КІРУ НАРЯДЫ N _____

Үлгісі _____ әуе кемелерінде (бұдан әрі - ӘК) сырлау жұмыстарын N _____ жүргізуге арналған
(жұмыс орыны, учаске)

1. Наряд

1. Жұмысты атқаруға жауапты _____
(лауазымы, аты-жөні)

бригада құрамында _____ адам мына жұмыстарды орындасын:

(жұмыстың нақты мазмұны, өткізілетін жері, еңбек шарты)

2. Жұмысты атқаруға арналған қажеттілер:

материалдар _____

құралдар _____

саймандар _____

қорғаныс құралдары _____

3. Сырлау жұмыстарын әзірлегенде және орындаған кезде мына қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етілсін (қауіпсіздік шаралар үлгісі анықталуы ықтимал):

- ӘК-де бірлесіп атқаратын жұмыстарды, бөтен адамдардың ішінде болуын болдырмау;

- саймандардың, ыдыстың және олардың маркаларының жөнділігін тексеру;

- электрожүйелерінің жоғарғы және төменгі кернеуінің, бөліп тұратын колонкалар мен жұмыс орындарын жарықтандырудың жарамдылығын тексеру;

- жұмысты орындауда қолданылатын, тасымалданатын шамдардың жарамдылығын тексеру;

- жұмысты орындауда қолданылатын, барлық жерге қондырылғын

кұрылғылардың қарсыласуын өлшеуді жүргізу;
- хабарласу (телефон) құралдарының жөнделігін тексеру;
- анғар қақпаларының рельсті жолдарын бөтен заттардан,
батпақ, мұз т.с.с. тазарту;
- анғар қақпаларының электр жабдықтарының, сонымен қатар
қақпалардың ашылуы мен жабылуының жарамдылығын тексеру;
- жұмыс орындалатын жерде барлық электр жүйелерді өшіру; ӘК
ө ш і р у ;
- жұмыс орындалатын уақытта кезекші электромонтерды
тағайындау;
- ӘК, анғарларда жұмыс орындалатын жерлерде өрт сөндіру
құралдарының барын және жарамдылығын тексеру;
- жұмыс орындалатын жерлерде кезекші постылар қою;
- ӘК жетектеуішке қосу;
- ӘК жұмыс орындалуының басталуы туралы күзетшіні жазбаша
түрде ескерту N _____;
- өртке қарсы қызмет жөніндегі орынбасармен (нұсқаушы,
нұсқаушы-бақылаушы) бірге ӘК және жұмыс орындалу жерінде тексеру
жүргізу.

4. Негізгі шарттар _____

5. Жұмыстың басталуы сағат _____ мин. _____ 200 ж.

Жұмыстың аяқталуы сағат _____ мин. _____ 200 ж.

6. Жұмыстың басқарылуына жауапты болып _____
(қызметі, аты-жөні)

тағайындалады

7. Кіру нарядын берген _____
(қызметі, аты-жөні, қолы)

8. Кіруге нарядты қабылдаған:

Жұмыстың жауапты басшысы _____
(қызметі, аты-жөні, қолы)

2. Кіру

9. Нұсқаулыққа сәйкес жұмыс орындарында қауіпсіздік шаралары
туралы түсіндіру _____
(нұсқаулықтың атауы немесе қысқаша мазмұны)

Ж ү р г і з г е н :

Жұмыстың жауапты басшысы _____
(қолы, күні)

10. Нұсқамалықтан бригада мүшелері өтті:

Фамилиясы, | Кәсібі, разряды | Күні | Нұсқамалықтан өтушінің қолы
а т ы - ж ө н і | | |

11. Жұмыс орыны мен еңбек шарты тексерілді. 3-тармақта көрсетілген қауіпсіздік шаралары.

Жұмыстарға кірісуге рұқсат етемін:

Цех бастығы _____ " ____ " _____ 200 ____ ж

Электр шаруашылығына жауапты _____ " ____ " _____ 200 ____ ж.

Күзет бастығы _____ " ____ " _____ 200 ____ ж.

12. Жұмысты 200 ____ ж. _____ сағат _____ мин бастау.

Жауапты басшы _____

(қолы, күні)

13. Жұмыс аяқталды, жұмыс орындары тексерілді, (материалдар, құралдар, бейімдегіштер және т.б. жиналды), адамдар шығарылды.

Нарядты _____ 2000 ____ ж ____ сағат _____ мин. жабылды.

Жұмыстың атқарылуына жауапты _____

(қолы, күні)

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
Азаматтық авиация комитеті
төрағасының 2004 жылғы
15 қарашадағы N 220 бұйрығымен
азаматтық авиация ұйымдарында
Лак-бояу материалдарымен жұмыс
істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі
мен өндірістік санитарияны
камтамасыз ету жөніндегі

ережеге 5-қосымша

Дерматолигиялық қорғаушы дәрілер

Дерматолигиялық қорғаушы | Тағайындау
дәрілердің атауы |
(ТЖ, МЕМСТ, НСТ) |

ХИОТ-6 пастасы

Майлы бояу, лак, органикалық

ТЖ 18-46 ерітінділермен жұмыс істеген кезде қорғайтын паста. Жұмыс істер алдында дененің ашық жерінің терісіне жағылады.

Силиконды қорғаушы крем Бояумен, лакпен, желімдермен жұмыс істеген ГМС-30НСТ 18-21-81РЦ кезде қорғайтын паста. Жұмыс істер алдында 47-7-10 қр. 84 теріге жағылады.

"Невидимка" қолға Лак-бояу материалдарымен және органикалық арналған қорғаушы дәрі ерітінділермен жұмыс істеген кезде қорғауға арналған. Жұмыс істер алдында қолға жағылады.

ИЭР-1 пастасы Лак-бояу материалдарымен және органикалық МРТЖ 42832-62 ерітінділермен жұмыс істеген кезде қорғауға арналған. Жұмыс істер алдында қолға жағылады

"Ралли" пастасы Лак-бояу материалдарымен және желімдермен ТЖ 6-15-985-76 былғанғанда қолды жууға арналған.

Аэрозольды ораудағы Лак және желімдермен былғанғанда қолды ТЖ 6-15-1044-82 тазалауға арналған.

қ о л т а з а л а у ш ы